



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ




Мемлекет басшысы Оңтүстік Африка Республикасының Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сирил Рамафоса мен оның отандастарын Оңтүстік Африка Республикасының ұлттық мейрамы – Бостандық күнімен құттықтады.

Президент ОАР Қазақстанның Африка құрлығындағы сенімді әрі маңызды серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар бірлескен күш-жігердің арқасында дәстүрлі достық пен түсіністікке негізделген ықпалдастық қос халықтың игілігі жолында дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сирил Рамафосаның жауапты қызметіне толайым табыс, ал Оңтүстік Африка халқына бақ-береке тіледі.

НИДЕРЛАНД ХАЛҚЫНА БАҚ-БЕРЕКЕ ТІЛЕДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Король Виллем-Александрды Нидерландтың ұлттық мерекесімен құттықтады.

Мемлекет басшысы жеделхатта Король күні мерекесінде көрініс тапқан ұлттық ынтымақ пен бірлік құндылықтарының арқасында Нидерланд алдағы уақытта да өсіп-өркендей беретініне сенім білдірді.

— Қазақстан — голландықтардың өнері мен мәдениетінде тамыр жайған қызғалдақтың түп отаны. Бүгінде ол халықтарымыз арасындағы достықтың символына айналды. Біз Нидерландпен арадағы уақыт тезінен өткен қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз әрі қос халықтың игілігі үшін түрлі саладағы серіктестікті одан әрі нығайтуға бейілміз, — делінген хатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Виллем-Александрдың игі бастамаларына табыс, сондай-ақ Король отбасы мен Нидерланд халқына бақ-береке тіледі.

ХАЛЫҚТЫҢ ХАҚЫСЫ

Шыны керек, ЕТЖ көлемі көп нәрсеге әсер етеді. Біріншіден, жұмыс беруші қызметкерінің ЕТЖ сомасынан төмен жалақы төлей алмайды. Осы арқылы мемлекет жұмысшылардың құқығын қорғап, еңбек қатынастарын реттейді. Екіншіден, зейнетақы, жәрдемақы, медициналық сақтандыру жарнасы сияқты әлеуметтік төлемдер ЕТЖ-ға сәйкес есептеледі.



ЕКІЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР



Ақордада елімізге ресми сапармен келген Израиль Президенті Ицхак Герцогты салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Президенттер бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырғаннан кейін Құрмет карауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды.

Содан соң мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз өтетін залға барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ицхак Герцогпен еліміздің төрінде жүздескеніне қуанышты екенін айтты.

— Ең әуелі, екі ел арасындағы қарым-қатынастың іргесін қалауға Сіздің өкениз, Израиль Мемлекетінің бұрынғы Президенті Хаим

Герцогтың ерекше еңбек сіңіргенін атап өткім келеді. 1992 жылдан бері қос халық ортасында тығыз достық байланыс орнады. Өзара ынтымақтастықта, әсіресе экономика және саяси бағыттарда елеулі табысқа қол жеткіздік. Еліміз Ибраһим келісімдеріне қосылу туралы шешім қабылдады. Бұл қадам Таяу Шығыс елдері мен Израиль арасындағы қарым-қатынастың қалпына келуіне Қазақстанның да үлес қосуға дайын екенін көрсетеді. Бүгін біз өзара экономикалық байланыстарымызға қатысты көптеген мәселені талқылаймыз. Өйткені екіжақты ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Бұл мүмкіндікті мейлінше пайдалану керек, — деді Мемлекет басшысы.

Израиль Президенті 1993 жылы Қазақстанға сапар жасаған әкесі Хаим Герцогтың ізін жалғап Ақордаға келгені үшін қуанышты екенін жеткізді.

— Қазақстанға үнемі келгім келетін еді. Мұны шын жүректен айтып отырмын. Өйткені қазақ жерінің көркем табиғаты мен қазақ халқының керемет мәдениеті туралы көп естідім. Менімен бірге өзара серіктестігімізге, әсіресе жоғары технологиялар саласындағы ықпалдастыққа тын серпін беретін сарапшылар келді. Әлем жана дәуірге қадам басқан кезеңде елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті орасан зор, — деді Ицхак Герцог.

Сонымен қатар Израиль Президенті Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылу және Бейбітшілік кеңесінің жұмысына атсалысу туралы шешімін қолдады.

БЕЛСЕНДІ САЯСИ ДИАЛОГ ОРНАДЫ

Қазақстан мен Израиль президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ицхак Герцогтың келіссөзі екі ел делегациясының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Израильдің сан қырлы байланыстары ұзақ уақыттан бері жалғасып келе жатқанын атап өтті.

— Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елдеріміз арасында достық қарым-қатынас орнады. Израиль Мемлекеті Қазақстанның егемендігін алғашқылардың бірі болып мойындады. 1993 жылы дипломатиялық өкілдіктерімізді аштық. Содан бері белсенді саяси диалог қалыптасты. Сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықта елеулі жетістіктерге қол жеткіздік, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, Ибраһим келісімдері өңірлік тұрақтылыққа, сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыруға берік негіз қалайды.

— Өзіңізге мәлім, Қазақстан бұған дейін қабылдаған шешімін ұстанады. Ибраһим келісімдеріне ресми түрде қосылу рәсімін таяу келешекте Астанада ұйымдастыруға болады деп есептейміз. Сонымен қатар жасанды интеллект және цифрландыру салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға мүдделіміз. Биыл Қазақстанда Жа-



санды интеллект және цифрландыру жылы болып жарияланды. Мен бұл мәселеге айрықша мән беремін, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Ицхак Герцог Қазақстан мен Израиль арасындағы әріптестік қарқынды дамып келе жатқанын айтты.

— Президент мырза, Қазақстан толеранттылық пен конфессияаралық диалогтың бірегей үлгісін көрсетіп отыр. Сол үшін Сізге алғыс айтамын. Сонымен қатар екі ел арасындағы іскерлік байланыстар мен тауар айналымын арттыруға мүмкіндік мол екеніне назар аударғым келеді. Бұл бағытта нақты шаралар қабылдай аламыз. Атап айтқанда, біз тікелей әуе қатынасын ашуға мүдделіміз. Ол іскерлік және сауда

қатынастарына оң ықпал етеді. Бұдан бөлек, екіжақты құқықтық-келісімшарт базасын кеңейтуге ниеттіміз. Қазіргі кезде бірқатар келісім, соның ішінде қосарланған салықты алып тастау туралы уағдаластық пысықталып жатыр, — деді Израиль Президенті.

Мемлекеттер басшылары өңірлік және халықаралық өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Келіссөз қорытындысы бойынша тараптар тұрақты саяси диалогты жалғастыруға, барлық деңгейдегі ықпалдастықты жандандыруға, сондай-ақ бірлесіп күш жұмылдыра отырып серіктестікті жана әрі сапалы кезеңге шығаруға келісті.

ТРЕНДКЕ АЙНАЛҒАН СЛЕНГ

Краш, вайб, кринж... Бір қарасаңыз, қарапайым ғана сөздер. Бірақ қалыпты тілде сөйлеп үйренген үлкен буын үшін бұл алғашында ерсі естілуі мүмкін. Алайда дәл осындай аралас тіл бүгінгі Тік Ток буынының күнделікті коммуникациясына айналған. Мұндай жаңа сөздердің тілдік қолданысқа енуіне әлеуметтік желілердің ықпалы басым. Кейінгі жылдары Тік-Ток, INSTAGRAM сияқты платформалар ойын-сауық құралы ғана емес, тілдік трансформацияның негізгі алаңына айналды. Себебі 10-15 секундтық контент тұтынған жаңа буынның қысқа сөздер мен жылдам мағынаға еті үйреніп келеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛДЕ ЕҢ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІНІ — АКРОНИМДЕР

Ғалымдар негізінен сленгті жастардың өзін-өзі таныту, эмоция білдіру және топқа тиесілігін көрсету тәсілі ретінде қарастырады. Енді мына бір дерекке назар аударыңыз. International Journal of English Linguistics Literature and Education жариялаған 2025 жылғы зерттеу нәтижесіне сүйенсек, TikTok-та зумер ұрпағы

қолданатын 50 түрлі сленг сөз анықталған. Оның ішінде, 30 пайызы қысқартылған сөздер (акроним), 22 пайызы жанадан ойдан шығарылған сөздер, ал 12 пайызы жеңіл сипаттағы сөздер екені айтылған. Авторлар талдау барысында әлеуметтік желіде ең жиі кездесетіні акронимдер екенін атап өтеді. Бұл құбылыс зумерлердің жылдам, қысқа әрі түсінікті коммуникацияға бейім екенін айқындайды. Қазіргі цифрлық ортада қалыптасқан сленгтердің тілдік айналымға



жылдам еніп бара жатқанына күнделікті өмірде куә болып жүрміз. Бұл құбылысты қазақ тілінің табиғи эволюциясы ретінде қарастыруға бола ма? Осы тұста мұндай үрдіс тілдің шұбарлануына өкеліп соқпай ма деген сауал туады. Алайда тіл мамандары бұл процеске біржақты баға бермейді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Аяужан Таусоғарова сленгтің таралуын толықтай теріс құбылыс деп бағалауға болмайтынын айтады.

28 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ



ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 30 сәуір күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Атап айтқанда, бюро мүшелері палатаның алдағы отырысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңды және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарау жөнінде қаулы қабылдады.

Заң мемлекеттік қызметті сервистік және клиентке бағдарланған қағидаттарға негізделген модельге көшіруді көздейді. Сонымен бірге мемлекет алдында тұрған міндеттердің тиімді орындалуын қамтамасыз етуге, қоғамның қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап беруге және аралас мемлекеттік қызмет моделін қолдану арқылы мемлекеттік аппараттың кәсіби деңгейін арттыруға арналған нормалар бар. Заңда HR-процестерді цифрландыру мәселесіне де баса мән берілген. Заңның негізгі мақсаты — мемлекеттік қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды және мемлекет функциялары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттеу.

Сондай-ақ бюро отырысында депутаттар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдарды жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөліп берді.

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ИЗРАИЛЬ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Израиль Президенті Ицхак Герцогпен кездесті. Кездесу барысында екі ел арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары және парламентаралық байланысты одан әрі нығайту мәселелері талқыланды.

Сенат Төрағасы Израиль делегациясына ілтипат білдіріп, көпжылдық ынтымақтастықтың нәтижесінде бүгінде екі мемлекет арасында сенімге негізделген саяси диалог қалыптасқанын атап өтті. Сондай-ақ ол бұл сапар Қазақстан мен Израиль арасындағы қатынастарды одан әрі дамытуға серпін беретініне сенім білдірді.

«Сіздің Астанаға сапарыңыз — Қазақстан-Израиль қарым-қатынасын нығайту жолындағы маңызды қадам. Бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевпен өтетін мазмұнды келіссөздер екі ел арасындағы байланысты дамытуға елеулі үлес қосады деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сұхбат барысында тараптар парламентаралық байланыстарды одан әрі жандандыру мәселесіне де тоқталып, заң шығару қызметіндегі ынтымақтастықты кеңейту перспективасына назар аударды.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Израиль тарапына Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне тұрақты қолдау көрсетіп келе жатқаны үшін алғыс білдірді. Кездесуде аталған алаң конфессияаралық өзара құрметті нығайтуда маңызды рөл атқарып келе жатқаны сөз болды. Сондай-ақ ол қазіргі күрделі геосаяси жағдайда діни дипломатияның маңызына баса мән беріп, Қазақстанның конфессияаралық келісімді дамыту және жаһандық диалогты ілгерілету жөніндегі бастамаларының мақсаты жөнінде айтты.

Өз кезегінде Израиль Президенті Қазақстанның бейбіт бастамаларына және жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларға жоғары баға берді. Сонымен қатар ол Қазақстан мен Израиль арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін тілге тиек етті.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН СЫНЫП



Астана қаласындағы №99 орта мектепте заманауи технологиялармен жабдықталған, оқу процесін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған инновациялық білім беру кеңістігі ашылды. TopIQ Smart Class пилоттық жобасы Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен енгізіліп отыр.

Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева ашық сабақ барысында жаңа жүйенің мүмкіндіктерімен та-

нысты. Сабақта инновациялық сыныптың негізгі функциялары мен білім беру процесіндегі практикалық әлеуеті көрсетілді.

Аида Балаева білім беру процесіне инновациялық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын енгізу мәселесіне жан-жақты әрі байыппен қарау қажет екенін атап өтті. Оның айтуынша, ең алдымен мұндай шешімдердің балалардың білім сапасына әсері ескерілуге тиіс.

Инновациялық сынып 25 смарт партамен жабдықталған. Әр парта оқушыға жеке цифрлық жұмыс кеңістігін ұсынады. Оқушылар осы құрылғылар арқылы электронды оқулықтармен жұмыс істеп, тапсырмалар орындайды, музыкалық аспаптарды меңгереді, сондай-ақ 3D сурет салу және модельдеу дағдыларын дамытады.

Жоба заманауи интерактивті білім беру ортасын қалыптастыруға, білім сапасын арттыруға және жаңа буынның цифрлық құзыреттерін дамытуға бағытталған.

ЖИ ДӘУІРІ: ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ҚАРАЙ БЕЙІМДЕЛУ ҚАЖЕТ

Мәжіліс Төрағасының орынбасары Дания Еспаеваның жетекшілігімен өткен Үкімет сағатында еңбек нарығының өзгеруі мен жасанды интеллектті енгізуді ескере отырып, жоғары білімді кадрлар даярлау мәселелері талқыланды. Алқалы жиында негізгі баяндаманы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жасады.



Жиында Дания Еспаева жана Конституцияда адами капитал, білім беру, ғылым мен инновацияны дамытудың стратегиялық басымдығы бекітілгенін атап өтті. Бұл ретте Мемлекет басшысы елдің технологиялық дамуын қамтамасыз етуге қабілетті инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудың маңызына бірнеше рет тоқталған болатын.

Еңбек министрлігінің дерегіне сүйенсек, жасанды интеллект Қазақстанда жүздеген кәсіпке әсерін тигізеді, олардың біразы қысқарады, біразы өзгеріске ұшырайды, ал кейбіреуі жойылып кетеді.

— Сонымен қатар жасанды интеллект пен экономика салаларының қиылысында жаңа мамандықтар қалыптасуда, алдағы жылдары оларға сұраныс өсе бастайды. Экономиканың негізгі салаларына жасанды интеллекттің жедел енгізу жоғары білім беру жүйесінің цифрландыру және автоматтандыру жағдайларында маман даярлау мүмкіндігін талап етеді. Осы мақсатпен жоғары білімнің қолжетімділігі айтарлықтай кеңейіп, мемлекеттік қолдау күшейтілді, — деді Мәжіліс Төрағасының орынбасары.

Алайда Дания Еспаева қабылданып жатқан шараларға қарамастан, бірқатар өзекті мәселе бар екеніне назар аударды. Ол еңбек нарығындағы сұранысқа ұзақмерзімді болжам жасалмағанын, соның салдарынан білім беру жүйесі еңбек нарығының трансформациясына ілесіп алмай отырғанын атап өтті. Сондай-ақ демографиялық жүктеменің артуы, оқу жоспарларының жеткілікті деңгейде жаңармауы және жастардың инженерлік мамандықтарды таңдауға деген құлшынысының төмендігі басты мәселелердің бірі ретінде тілге тиек етілді.

Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі Тілеген Қасқин кадр даярлау мәселесі бойынша жүргізілген аудит қорытындысын баяндады. Оның айтуынша, қазіргі жоғары білім жүйесі нәтижеден гөрі процесі көбірек қаржыландырып отыр. Негізгі міндет тек грант пен шығынды көбейту емес, сапаны нақты бақылауды және бірінші цифрлық есепті қалыптастыру, мемлекеттік тапсырысты еңбек нарығымен сабақтастыру болуға тиіс.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз баяндамасында қалыптасқан жағдай білім беру бағдарламаларын жедел жаңартуға мүмкіндік беретін, икемді реттеу моделіне көшуді талап ететінін айтты.

— Жаңа кәсіптер атласы бойынша жұмыс аяқталды. Өңірлік атластар экономиканың 27 саласын қамтып, жаңа кәсіптердің жасанды интеллект, цифрландыру, орнықты даму және автоматтандыру бағыттарында қалыптасып жатқанын, ал бірсарынды еңбектің рөлі төмендеуге бет алғанын айқын көрсетіп отыр. Жалпы, осы атластардың негізінде 1 750-ден астам білім беру бағдарламасы енгізілді. Осылайша, біз болжауды, білім беру жүйесі мен еңбек нарығын біртұтас логикамен байланыстыратын жүйе қалыптастырдык. Сөйтіп, келесі кезеге, яғни еңбек нарығын предиктивті талдауға көшіп отырмыз, — деді министр.

Министрліктің ақпараты бойынша, қазір білім беру жүйесінің жаңа архитектурасы қалыптасып жатыр. Атап айтқанда, экономиканың нақты секторына арналған ЖИ-шешімдерді әзірлеп, оларды өндіріске енгізе алатын мамандар даярлауға бағытталған AI-Sana бағдарламасы іске қосылды. OpenAI-мен ынтымақтастық аясында жоғары оқу орындарының оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерін ЖИ құзыреттілігіне оқыту жүргізілуде. Сондай-ақ ЖИ саласында кадр даярлаудың жоғары оқу орындарына ортақ стандарты енгізілді. Биыл университеттердің цифрлық ұлттық рейтингі іске қосылмақ. Бұл рейтинг мемлекеттік білім беру

тапсырысын қаржыландырудың жаңа моделі бойынша бөлуге негіз болады.

Үкімет сағатында Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов қосымша баяндама жасап, саладағы жетістіктермен қатар, ашық айтылуға тиіс жүйелі сын-қатерлерге де тоқталды. Оның айтуынша, ЖИ еңбек нарығын түбегейлі өзгертіп жатыр. Халықаралық институттардың бағалауы бойынша, әлемдегі жұмыс орындарының 40%-на ЖИ ықпал етуде.

— Бүгін студенттерге аудиторияда үйретіп жатқан дағдылардың 40%-ы 2030 жылға қарай, яғни небәрі төрт жылдан кейін жанартуға қажет ететін болады, біз үшін бұл — қауіпті құбылыс. Болшақтағы емес, бүгінгі шындық осындай. Бұған қоса, ЖИ жоғары білімнің мазмұнын өзгертуде. ЖИ дәуірінде, университет бейімдік мамандықтармен шектеліп қалмай, іргелі әрі гуманитарлық бағытты күрт күшейтуіміз керек. Егер бұрын бағдарламалау үшін Python тілін білу керек болса, бүгін «вайб-коддинг» заманы келді: сіз мақсатты қарапайым тілмен сипаттап бересіз, ал ЖИ дайын кодты өзі жазып береді. Сондықтан енді сапалы промпт жазу үшін мәселенің мәнін түсініп, контекст пен оның салдарын көре білу қажет. Оған тек іргелі білімдердің арқасында қол жеткізуге болады. Сондықтан жаратылыстану, математика ғылымдарына баса назар аударумен қатар, гуманитарлық ғылымдарды дамыту қажет, — деді Асхат Аймағамбетов.

Комитет төрағасы сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс пен еңбек нарығының нақты сұранысы арасындағы теңгерімсіздіктің сақталып отырғанын атап өтті. Қолданыстағы кәсіби стандарттар ескірген күйде қалып, экономиканың бұрынғы үлгілері бойынша кадр даярлаудың тұйық шеңберін қалыптастыруда. Университеттер өздерінің білім беру бағдарламаларын кәсіби стандарттармен жаңартты, бірақ соңғылары ескірген, ЖИ үшін қажетті құзыреттерге сай келмейді. Жоғары оқу орындары түлектерін сұранысы төмен жекелеген бағыттар бойынша қайта даярлау, жаңа жұмыс орындарының негізін құрайтын біліктілігі орташа деңгейдегі кадрлар тапшылығы әлі де сақталып отыр.

Асхат Аймағамбетов білім беру бағдарламаларына жасанды интеллектті енгізудің формалды сипатына тоқталды. Атап айтқанда, терең интеграцияның орнына мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етпейтін үстірт дағдылар ғана қалыптасуда.

Талқылау барысында депутаттар кадр даярлау жүйесін трансформациялауға қатысты бірқатар мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, жасанды интеллекттің енгізілуіне байланысты жұмыссыз қалуы мүмкін мамандарды қайта даярлау шаралары, сондай-ақ түлектердің кейінгі жұмысқа орналасуын бақылау тетіктері мен олар маңындағы бойынша жұмыс таба алмаған жағдайда жауапкершілікті бөлу туралы сөз болды. Осыған байланысты депутаттар білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының қажеттіліктеріне дәлірек бейімдеу үшін оқу орындары мен жеке сектор арасындағы өзара іс-әрекетті күшейту қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар экономикадағы шешуші рөлді ескере отырып, аграрлық, өнеркәсіптік және инженерлік мамандықтардың тартымдылығын арттыру шаралары туралы сұрақтар қойылды. Педагогикалық мамандықтарға оқитын студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру, ЖИ және заманауи цифрлық технологиялар саласындағы оқытушылардың дайындығын тереңдету бойынша ұсыныстар айтылды.

Депутаттар көтерген мәселелер мен ұсыныстар ұсынымдар ретінде жинақталып, Үкіметке жолданатын болады.

АШЫҚТЫҚ ПЕН ДЕРБЕС ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Тараз қаласында «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің көшпелі отырысы өтті. Жиында өңірдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың бүгінгі жай-күйі және партияның 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылу барысы талқыланды. Отырыс ашық диалог форматында өтіп, оған орталық және жергілікті мемлекеттік органдар өкілдері, депутаттар мен қоғам белсенділері жиналды.

Іс-шараға республикалық кеңестің төрағасы, Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров, Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, Мәжіліс депутаттары Мұқаш Ескендіров, Абзал Құспан, Нұрлан Әуесбаев, «AMANAT» партиясының облыстық филиал төрағасы Дауыл Байсенқұлов, партия Орталық аппаратының Партиялық бақылау департаменті директоры Дәурен Бижуманов қатысты. «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев отырысқа онлайн форматта қосылды.

Жиында ашқан Ерлан Саиров қоғамда әділдік қағидатын орнықтыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс жүргізу маңызды екенін атап өтті.

«Өңірде қоғамды алаңдатып отырған бірқатар өзекті мәселе бар. Атап айтқанда, жер қатынастарындағы, мемлекеттік сатып алуға, құрылыстағы және әлеуметтік саладағы ашықтық пен тиімділікке қатысты тәуекелдер әлі толық жойылған жоқ. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтар да кездеседі. Олардың қатарында паракорлық басым болып отыр. Ол жалпы қылмыстың шамамен 45%-ын құрайды. Көп жағдайда бұл мемлекеттік сатып алу мен рұқсат беру құжатын рәсімдеу кезінде орын алады. Бұдан бөлек, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті жымқыру фактісі 30%-ды құрайды. Мұндай жағдайлар, негізінен,

білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы бюджет қаражатына қатысты тіркеледі. Ал алаяқтық үлесі шамамен 15% болса, лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану 10%-ға жетіп отыр», — деді ол.

Депутаттың пікірінше, мұндай мәселенің алдын алу үшін барлық үкілетті органның үйлесімді жұмыс істеуі және қатаң бақылау орнатуы ерекше маңызға ие.

Өз кезегінде облыс әкімі Ербол Қарашөкеев сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, цифрландыру және мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыру саласындағы жүйелі шараларға егжей-тегжейлі тоқталып, бұл бағыттағы жұмыс тұрақты түрде жүргізіліп жатқанын, сондай-ақ оған институционалдық бақылау орнатылғанын атап өтті.

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесі әкімдіктер жанындағы Құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың тұрақты бақылауында. Облыста 12 комиссия жұмыс істейді. Кейінгі үш жылда комиссия отырыстарында 73 мәселе қаралып, оның қорытындысы бойынша 243 тапсырма берілді. Биыл сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жалпы құны 20 млн теңгені құрайтын 12 жоба іске қосылды. Өңірде мемлекеттік қызметтің 313 түрі



көрсетіледі. Үш жылда электронды форматта ұсынылған қызметтің үлесі 98,8% болды. Былтыр Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, өкімдік қызметіне дебиюратияландыру тұрғысынан талдау жүргізілді. Нәтижесінде, заңнаманы жетілдіруге, рәсімдерді оңтайландыруға, келісу кезеңдерін қысқартуға және функционалдық жүктемені азайтуға бағытталған 164 ұсыныс әзірленді», — деді Ербол Қарашөкеев.

Сондай-ақ өңір басшысы облыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жалпыұлттық басымдықтарға сәйкес жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Оның сөзіне, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидаты — Әділетті Қазақстанды қалыптастырудың негізі әрі жемқорлықпен күрестің басты формуласы. Өңірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және тәуекелдердің алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Жиында партияның сайлауалды бағдарламасының орындалуына да ерекше назар аударылды. Облыс әкімінің мәліметінше, Өңірлік Жол картасының жүзеге асырылуы тұрақты бақылауда: құжат 5 бағыт пен 18 міндет бойынша 103 көрсеткішті қамтиды. 2023-2025 жылдарға жоспарланған 275 іс-шараның 272-сі орындалған (98,9%). Ал 2026 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша 74 іс-шараның 14-і жүзеге асырылып, 60-ы орындалу сатысында.

Бағдарламаны жүзеге асыру нақты нәтиже көрсетті: үш жылда суармалы жер көлемі 184,5 мың гектарға жетіп, жоспар 1,5 есе артығымен орындалды. Осы кезеңде 68 мың жана жұмыс орны ашылды. Индустрияландыру аясында 159,4 млрд теңгеге 23 жоба іске асырылып, 976 жана жұмыс орны құрылды.

Инфрақұрылым саласында 63,9 шақырым көшеге тасжол төселіп, 1878,9 шақырым жол жөнделді және 92 елді мекен орталықтандырылған ауызсумен

қамтамасыз етілді. Әлеуметтік салада 26 мектеп, 45 денсаулық сақтау мекемесі, 18 мәдениет және 18 спорт нысаны пайдалануға берілді. Халықты қолдау шаралары аясында «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасымен 577 маман жеңілдетілген несие алса, «Жасыл ел» жобасы арқылы 5,7 мыңнан астам жас азамат жұмысқа орналастырылды.

Сонымен қатар жиында бірқатар өзекті мәселе де көтерілді. Кеңес мүшесі, Мәжіліс депутаты Абзал Құспан сыбайлас жемқорлықтың жай-күйін талдау нәтижесін ұсынды. Оның дерегі бойынша, 2024 жылдан бері 172 сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық тіркелген. Олардың басым бөлігі бюджет қаражатын игеру және мемлекеттік сатып алу саласына қатысты.

Депутат жекелеген мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың формалды сипатта болуы, реттеуші рәсімдердің айқын емесі және ведомствоаралық комиссияның шамадан тыс жүктелуі салдарынан кейбір мәселелер тиісті деңгейде қаралмай жататынын айтты.

Бұдан бөлек, жиында әлеуметтік мәселелер, оның ішінде азаматтарды жер учаскелерімен қамтамасыз ету жайы да қаралды. Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков бүгінде 134 мыңнан астам адам кезекте тұрғанын, ал жыл сайын шамамен 300 азаматқа ғана жер учаскесі берілетінін хабарлады. Бұл мәселе жүйелі шешімді қажет етеді.

Отырыс қорытындысы бойынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты одан әрі күшейту, жана тәсілдерді енгізу, ашықтық пен дербес жауапкершілікті арттыру қажет екені айтылды. Кеңес тарапынан анықталған кемшіліктерді жою және «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асырудың тиімділігін арттыру бойынша бірқатар ұсыным әзірленді.

RUN FOR AUTISM: МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ

Астанада «AMANAT» партиясының және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Bolashak Charity қоры аутизмді бар және өзге де менталдық бұзылыстары бар жасөспірімдер мен ересектерді қолдауға бағытталған жүгіруден қайырымдылық Run for Autism жарысын ұйымдастырды. Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату айына орай өткізілген іргелі іс-шараға еліміздегі 26 қаладан келген 5000 адам қатысты.



«AMANAT» партиясының Аткарушы хатшысы Дәулет Кәрібек мұндай игі іс-шара аутизмді бар балалар мен ересектерді қолдауға бағытталған маңызды бастама екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, баршаға тең мүмкіндік жасау — Әділетті Қазақстанның негізгі қағидаты. «AMANAT» партиясы осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп, ерекше қажеттілігі бар азаматтарды қолдау, инклюзивті ортаны дамыту және тең мүмкіндік қалыптастыру бойынша нақты бастамаларды тұрақты түрде жүзеге асырып келеді. Бүгінгі Run for Autism қайырымдылық іс-шарасы — қоғамдағы жанашырлық пен бірліктің жарқын көрінісі. Қазақстанның түкпір-түкпірін және шетелден мыңдаған адамның Астана төрінде бас қосуы — инклюзивті қоғам құруға деген ортақ ұмтылыстың белгісі. Осындай игі жобалар арқылы біз әр адамның қоғам өміріне толыққанды араласуына жол ашамыз. Ең бастысы, бұл жарыс — мейірім мен қолдаудың үлкен мерекесі», — деді ол. Жарыстың мақсаты — қоғамның

аутизм туралы хабарын арттыру, аутизмді бар адамдардың тұрмысын жақсарту және олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне жағдай жасау. Осы орайда Bolashak Charity КҚ Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Динара Гапал аталған бастаманың мәні мен маңызына тоқталды.

«Run for Autism — ерекше іс-шара, өйткені оған біздің жобаларымыздағы жасөспірімдер, олардың отбасылары, педагогтер, серіктестер және қор достары қатысады. Сондықтан бұл жүгіру жарысы жай ғана іс-шара шеңберінен шығып, түрлі қаладағы адамдарды ортақ идея төңірегіне біріктіретін шынайы қозғалысқа айналды. Біз жобаны бастаған кезде қоғам назарын аутизм мен менталдық денсаулық тақырыбына аударуды мақсат еттік. Бүгінде мыңдаған адам бізбен бірге стартақ шығады. Бұл қоғамның барған сайын ашық, саналы болып, маңызды әлеуметтік бастамаларды қолдауға дайын екенін көрсетеді», — деді ол.

Жарыс жүлдегерлері медальдармен және дипломдармен марапатталып, естелік сыйлықтар табысталды.

«БЕС АСЫЛ»: ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАДЫ

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласында республикалық «Бес асыл» ұлттық өнер сайысы өтті. Командалық айтысты «AMANAT» партиясының қолдауымен Маңғыстау облысы әкімдігі ұйымдастырды.

Іргелі іс-шараға Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Асхат Оралов, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Еділ Жанбыршин мен Жанарбек Әшімжанов, «AMANAT» партиясы Орталық аппараты Саяси жұмыс департаментінің директоры Еркебулан Жаулыбаев және «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Қарасаев қатысты.

Дүбірлі додада Маңғыстау облысы және Шымкент қаласының өнерпаздары өзара бақ сынады. Ақындар сүре айтыс, түре айтыс, қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысын жаңғыртты. Сондай-ақ қатысушылар дәстүрлі әнімізді әуелетіп, жырдан шашу шашып, күмбір-күмбір күй шалқытты.

Аламан айтысты Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, белгілі ақын Аманжол Әлтай жүргізді.



«Бес асыл» мегажобасында халқымыздың болмысын айқындайтын айтыс, жыр, терме, ән мен күй бір арнада тоғысады. Бұл — қанымызға сіңген қасиетті өнердің ұлы мерекесі, ел рухын көтеретін үлкен дода. Бүгін сөздің жүйрігі мен саздың санлақтары қатар шығып, ұлттық өнердің шоктығын биіктетпек. Екі өңірдің талантты ақындары айтыс арқылы елдің рухын көтеріп, көрерменге ерекше әсер сыйлайды», — деді Аманжол Әлтай.

Сонымен қатар «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Қарасаев сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Аламан доданың ұйымдастырылуы

жастардың өнерге, сөз қадіріне деген құрметін арттырып, рухани сабақтастықты нығайтады. «AMANAT» партиясы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және айтыс өнерін қолдауға әрдайым басымдық береді. Бүгінгі сөз додасы — тек жарыс емес, елдің бірлігі мен рухын көтеретін маңызды мәдени алаң. Өнерпаздарға сәттілік тілеймін», — деді Нұрбек Қарасаев.

Осылайша, Маңғыстау облысының командасының ақын Нұрлан Мусаев, ал Шымкент қаласының командасының ақын Біржан Байтуов бастап шықты. Әр команда құрамында айтыскерлермен қатар жыршылар, күйшілер, термешілер және дәстүрлі өншілер өнер көрсетті.

Айтысқа қазылар алқасының төрағасы — Қазақстанның Халық жазушысы Жүрсін Ерман бастаған азаматтар төрелік етті. Нәтижесінде, қазылар алқасының шешімімен Маңғыстау облысының командасы жеңімпаз атанып, келесі кезеге жолдама алды.

Өз кезегінде, Жаңаөзен қаласының әкімі Жансейіт Қайнарбаев төл өнерімізді төрге оздырған ақындарға алғысын білдірді.

«Айтыс — халқымыздың жүрек үні, елдің мұны мен қуанышын қатар жеткізетін киелі өнер. Бүгінгі жеңіс — Маңғыстау өнерпаздарының шеберлігі мен сахнадағы мәдениетінің нәтижесі. Барша айтыскерге ризашылығымды білдіремін, ал жеңімпаздарға жана белестер тілеймін», — деді Жансейіт Қайнарбаев.



НАРЫҚ

28 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Президент жариялаған Цифрландыру және ЖИ жылының ең айтулы һәм ең ауқымды бастамасы Деректерді өңдеу орталығы алқабы болуға тиіс. Мемлекет басшысы стратегиялық басымдық деп айқындаған бұл жоба Павлодар өңірінде Data-орталықтардан тұратын нағыз технологиялық мегаполистің іргетасын қалайды деп жоспарланған. Бүгінде Қазақстанның цифрлық келбетін өзгертуге тиіс бұл мегажобаның тамыр соғысы қалай? Жалпы, елімізде бұл нарық ең қарқынды дамушы саланың біріне айналып келеді.

А Айхан ШӘРІП

ТАҚЫР ДАЛАДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТЕГЕУРІН

Президенттің Ұлттық құрылтайдың соңғы V отырысында қойған міндеттерін орындау үшін Үкімет «Деректерді өңдеу орталықтарының (ДӨО) алқабы» атты тың жобаға жан бітірді. Бұл – тек техникалық нысан емес, отандық және шетелдік инвесторлар мен серіктестерге жасалған ерекше экономикалық эхожүйе. Мұнда оларға барлық инфрақұрылым тартылып, арзан қуат көздері мен салықтық преференциялардың ұшан-теңіз ауқымы ұсынылады. Оның қатысушылары мемлекетке көптеген салық түрін төлемейді. Айтпақшы, Екібастұз қаласының жанындағы бұл алқапқа жол нұсқайтын үлкен бағыттағышта жаңа қалашықтың атауы тек бір тілде «Долина ЦОДов» болатыны танбалаһыпты. Бұл атау ресми құжаттардың да ажыраса бөлігіне айналды.

«Павлодар облысында әлеуеті 1 ГВт-қа дейін жететін ауқымды ДӨО алқабы жобасын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінген. Бұл жоба өңірдегі деректерді сақтау мен өңдеудің ірі инфрақұрылымдық тораптарының біріне айналады және халықаралық серіктестердің заманауи цифрлық инфрақұрылымға қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Жоба серіктестері үшін ынтымақтастықтың икемді үлгілері қалыптастырылған: оларға қолжетімді энергиясы бар дайын алаңдардан бастап, жоғары технологиялық қуаттар мен дайын өнімдерді жалға алу ұсынылады», – деп хабарлады Үкімет.

Жобаға жауапты тұлғалардың бірі «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусиннің дерегіне, Екібастұз ДӨО алқабына арналған жер учаскелері айқындалды. Қажетті негізгі келісімдер жасалды. Сондай-ақ қуаты 215 МВт болатын қосалқы станса сатып алынды. Аталған шаралар жобаның энергетикалық инфрақұрылымының негізін қалыптастырады. Бұл ретте Үкімет инвесторларға қолайлы жағдай қалыптастыру үшін олардың дата-орталықтарын энергиямен жабдықтаудың арзандатылған тарифтік моделін бекітіп те қойыпты. Бұған қоса, инвестициялық және салықтық преференциялар белгіленді.

Бағдат Мусин халықаралық технологиялық және инвестициялық компанияларды тарту бағытында жұмыстар жүргізіліп жатқанын хабарлады. АҚШ, Қытай және Үндістан елдерінен «ұлттық» есептеу, үлкен деректерді өңдеу және ЖИ салаларында жұмыс істейтін 20-дан астам hyperscale-компаниямен келіссөздер жүргізілген.

–Келіссөздер қорытындысында 100 МВт-тан жоғары қуатқа алдын ала сұраныс қалыптасты. Негізі, ДӨО алқабы жобасының жалпы әлеуеті 1 ГВт-қа дейін жетеді және ірі «әзірлік» клиенттерді орналастыруға есептелген. Жалпы алғанда, жобаны жүзеге асыру Қазақстанда ірі өңірлік цифрлық хақты қалыптастыруға және әлемдік жетекші технологиялық компанияларды тартуға бағытталған, – деді Б.Мусин.

ЦИФРЛЫ ДӘУІРДІҢ ЖАҢА ДИНГЕГІ

Премьер-министрдің орынбасары – ЖИ және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, ДӨО алқабы жобасы қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр. Үкімет тиісті инфрақұрылымдық және құқық-

ТЕРАБАЙТ – ДАМУ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ: ҚУАТ пен ЗЕРДЕНІҢ ТОҒЫСЫ



тық жағдайларды түзді. Тиісті нормативтік-құқықтық актілері әзір. Жалпы ауданы 1,4 мың гектар жер телімі бөлінді. Бұл – Монако сияқты 7 мемлекет сынып кететін аумақ!

Ұлттық құрылтайда Президент бір ғана ДӨО-ның өзі алып металлургиялық комбинат тұтынатын қуатты «жұтып» қоятынын ескерткен-тін. Осыған орай аталған жер Екібастұз МАЭС-1 жанынан бөлінді. Яғни, осы стансаның өндірген энергиясы да пайдаланылмақ. Дата-орталықтардың атом қуатымен теңдес тәбеті бар. ДӨО алқабы тұтынатын 1 ГВт қуаттың ауқымын түсіну үшін қарапайым ғана салыстыру жасап көрейік: Қазақстанда салынатын болашақ атом электр стансасының бір энергоблогы шамамен 1,2 ГВт қуат өндіреді деп жоспарланған. Яғни, бір АЭС блогының күші осы бір ғана алқаптың қажеттілігіне жұмсалыуы мүмкін. Бұл цифрлық индустрияның қаншалықты «қуат тауысар» алып екенін көрсетеді. Үлкен мақсаттар үлкен шығындарды талап етеді; маңыздысы – сол шығындың ел игілігіне айналуы.

Энергетика министрлігінің дерегіне, ДӨО алқабы эхожүйесі Екібастұз энергия торабының энергетикалық қуаттары негізінде құрылады. Нысанды қолданыстағы энергетикалық инфрақұрылымды пайдалана отырып, қуаттарды енгізудің нақты белгіленген параметрлері бойынша кезең-кезеңімен дамыту көзделген. Жоба шеңберінде ұзындығы 15 шақырым электр тарту сымдарын, сондай-ақ қуаты 300 МВт болатын және оны болашақта 1 ГВт-қа дейін кеңейту мүмкіндігі бар төмендеткіш қосалқы стансалардың инфрақұрылымын салу қарастырылған. Энергия – ақпараттың азығы: азығы мол жерде ғана технологиялық жеміс өнбек.

Алқапта құрылатын инфрақұрылымның тағы бір маңызды элементі халықаралық серіктестерді тартуға арналған Greenfield аймағы болмақ. Оның егжей-тегжейі әзірге жарияланбады. Мұның сыртында ауқымды жобаны жүзеге асыру үшін қытайлық, америкалық және басқа инвесторлар мен жобаға қатысушыларды мемқолдаудың қосымша тетіктерін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Жатқұрттық компаниялардың дата-орталықтары деректерді лезде өңдей алуы үшін оған озық желі тартылуы қажет. ЖИ министрлігінің мәліметі бойынша бұл алқапқа Қазақстанда, тіпті ТМД мен Орталық Азияда теңдесі жоқ телекоммуникациялық инфрақұрылым жеткізіледі. Ең ірі hyperscale және BigTech компанияларының талаптарын қанағат-

тандыру үшін желілік кідіріс 80-нен 57 миллисекунда дейін төмендетіледі. Бұл – тек Еуропадағы трафик алмасу орталықтарымен иық тірестіретін деңгей.

«Бұдан әрі есептеу инфрақұрылымын кезең-кезеңмен ұлғайту, әрқайсысы 50 МВт-тан ЖИ-ДӨО-ның 4 кезеңін салу көзделген. Тұтастай алғанда, ДӨО алқабын іске қосу Қазақстанда цифрлық инфрақұрылым мен есептеу қуаттылығының өңірлік орталығын қалыптастыруға, болжамды түрде 30 млрд долларға дейін инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Ірі халықаралық компаниялармен келіссөздер ары қарай жалғасты», – деп хабарлады ведомство.

Бұл жоба аса ауқымды болғанымен, көп жұмысшыны қажет етпейді. Министрлік энергетика, есептеу қуатын пайдалану, ЖИ және тағы да басқа салада тек 500 жоғары білікті жана жұмыс орны құрылатынын мәлімдеді. Премьер-министр жуырда ДӨО алқабының құрылысы барысын өзі тексеріп қайтты. Ол ЖИ және цифрлық даму, Энергетика министрліктеріне, Павлодар облысының әкіміне «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп «жобаны жедел жүзеге асыруды» жүктеді. Сондай-ақ мегажоба өзінің тікелей бақылауында болатынын қадап айтты.

– Бұл – болашақ индустриясы. Біз бәсекелестік артықшылықтарымызды тиімді пайдалана білуіміз керек. Жобаны жүзеге асыруға электр энергиясы, климат, транскаспий кабелі сияқты қажетті алғы-шарттар бар. Сондықтан қабылдануға тиіс барлық шешімді енгізіңіздер, созылғанға салмай, алға жылжу қажет. Бұл жобаман мен өзім тікелей айналысамын! Біз мүмкіндігінше қысқа мерзімде құру кезеңінен өтіп, әлемдік компаниялармен келісімшарттарды бекіту және қуаттарды жеткізу бағытында жұмыс істеуіміз керек, – деп атап өтті Ордақ Бектенов.

ИНВЕСТИЦИЯ ТАНДАУЫНА ТӨРТ МОДЕЛЬ

ЖИ және цифрлық даму вице-министрі Ростислав Коняшкин жеңілдікті тарифі бар қуатпен қамту үшін Деректерді өңдеу орталықтары алқабын Екібастұз қаласында орналастыруға шешім қабылданғанын жеткізді. Өйткені мұндағы энергетикалық стансалар жергілікті арзан қоныр көмірді жағайды, тиісінше, өндіретін электр қуатының өзіндік құны төмен. Алайда вице-министр «Долина ЦОДов» қалашығының бірінші кезені үшін Павлодар облысының әкімдігі резервтеген жалпы ауданы 200 гектар жердің тақыр дала екеніне назар аударды.

– Ол аумаққа құбырлар тартып, сумен жабдықтау қажет. Жол құрылысын жүргізіп, автомобиль жолдарын салу керек. Бұдан бөлек, телекоммуникациямен және электрмен жабдықтауы тағы бар. Базалық инфрақұрылымды кешенді түрде жүргізу де талап етіледі. Аталған жоба Қазақстан аумағында деректерді өңдеу орталықтары мен бұлтты ЖИ, жетекші hyperscaler-компанияларды тартуға мүмкіндік береді. Онда істейтін білікті қызметкерлердің жалақысы жоғары болады. Біздің ойымызша, бұл алқап Қазақстанға есептеу және цифрлық қызметтер экспортын ұлғайтуға жағдай жасайды, – деді Р.Коняшкин.

Вице-министрдің ақпараты бойынша, жоба аясында инвесторлардың түрлі инвест-стратегиясы мен дайындық деңгейін ескеретін икемді қатысу модельдері қарастырылған. Бірінші модель инвесторға энергетикалық қуаты алдын ала резервтелген жер учаскесін алып, деректерді өңдеу орталығын «нолден» салуға бағытталған. Екінші модель инвесторға дайын құрылымдық негізі және базалық инженерлік жүйелері бар форматтағы нысандарды пайдалануды көздейді.

Үшінші модель серверлік қуаттарды Zero CAPEX қағидатымен жалға алу форматында іске асады: инфрақұрылымға инвестиция салуды көзлемейді. Төртінші модель жоғары өнімді есептеу кластерлеріне қолжетімділікті, суперкомпьютер, ЖИ және бұлтты сервистерін ұсынуды қамтиды. Икемділік – бүгінгі заманның басты талабы. Инвесторға таңдау беру арқылы еліміз ертенгі табысының іргесін қалайды.

– Аталған модельдердің жиынтығы инвестициялар мен ЖИ шешімдерін енгізу үшін әмбебап платформаны қалыптастырып, Қазақстандағы ЖИ эхожүйесінің жедел дамуына ықпал етеді. Мысалы, бірінші модельде инвесторлар үшін қосымша шарт ретінде отандық тауар өндірушілердің өнімдерін басым тәртіппен сатып алу қарастырылған. Инвесторларға арнайы экономикалық аймақ принципі бойынша салықтық преференциялар ұсынылады, – деді ЖИ министрлігін орынбасары.

Осыныша көп дата-орталық аз ғана халқы бар Қазақстанға не үшін қажет деген сұрақ қойылып жүр. «Президент тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде мемәпаратты ауқымды «цифрлық қайта жаңғыртуға» кірісуіміз керек. Мемлекеттік функциялар тізілімі цифрландырылып жатыр. Салық жинауда да бұл әлеует көдеге жарайды. Бұдан ары Qaztech платформасында мемфункцияларға реинжиниринг және цифрландыру жүргізіледі. Соның нәтижесінде қызмет көрсету сапасы мен жылдамдығы артады», – деп сендірді Ростислав Коняшкин.

IDC аналитикалық компаниясының ТМД өңіріндегі вице-президенті Андрей Беклемишевтің айтуынша, Қазақстандағы қоғамдық бұлтты қызметтер нарығының көлемі 2022 жылғы 59,3 млрд теңгеден 2025 жылы 117,6 млрд теңгеге дейін, екі есесей өсті.

– Болжам бойынша 2029 жылға қарай қоғамдық бұлтты қызметтер нарығының көлемі 257,2 млрд теңгеге жетуі мүмкін. Мемлекет пен бизнес тарапынан жасанды интеллект саласындағы шешімдерді енгізуге байланысты сұраныс одан ары өседі деп ойлаймын. Қазақстандағы бұл нарықтың ең ірі сегменті – SaaS моделіндегі бұлтты қосымшалар. Коммерциялық деректер орталықтарының сыйымдылығы 2025 жылы 4 мың сөреге жетті, жүктелу деңгейі 91%-ды құрады. Бұл қолданыстағы инфрақұрылымды пайдаланудың жоғары деңгейін және елдегі есептеу қуаттарын одан әрі дамыту қажеттілігін растайды, – деді сарапшы.

IDC вице-президенті Қазақстан өзі аймақтық хабқа айналдыруға ниетті екенін еске салды. Ол үшін көп дата-орталық салу, ЖИ шешімдерін кеңінен енгізу қажет көрінеді. Бұл тұрғыда Екібастұздың шанды даласында бүгін бой көтеріп жатқан Деректер алқабы шаһары – ертенгі Қазақстанның ақпараттық цитделі болмақ. Ақыл-ой мен энергия тоғысқан бұл мекен ел экономикасының жана драйверіне айналады деген үміт бар.

ХАЛЫҚТЫҢ ХАҚЫСЫ



Елімізде еңбекті бағалау жүйесі «күн көру» деңгейінен «өмір сүру» стандартына бет бұрмақ. Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін 150 мың теңгеге дейін көтеруді көздеп отыр. Бұл қадам халықтың тұрмысын түзей ме, әлде инфляцияға жұтылатын ақша массасын ғана арттыра ма? Әлеуметтік әділет ұғымы немен өлшенеді?

А Еркебұлан НҮРЕКЕШ

Әлемдік тәжірибеде ең төменгі жалақы (ЕТЖ) медиандық жалақының кемінде жартысына тең болуы керек. Қазақстанда медиандық жалақы – шамамен 300 мың теңге. Демек, ЕТЖ-ны 150 мыңға жеткізу қисынға да, заңға да қайшы емес. Жақында Ұлттық экономика министрінің орынбасары Азамат Әмрин осы жежені кезең-кезеңімен бағындыру жоспарда бар деп мәлімдеді. Нақты мерзімі әлі белгісіз. Үкімет көрпеге қарап көсілмекші.

Бюджет түсімі тұрақты сақталса, жалақы да ұлғаяды. Әйтпеген жағдайда 85 мыңды місе тұтуға тура келеді.

Шыны керек, ЕТЖ көлемі көп нәрсеге әсер етеді. Біріншіден, жұмыс беруші қызметкерінің ЕТЖ сомасынан төмен жалақы төлей алмайды. Осы арқылы мемлекет жұмысшылардың құқығын қорғап, еңбек қатынастарын реттейді. Екіншіден, зейнетақы, жәрдемақы, медициналық сақтандыру жарнасы сияқты әлеуметтік төлемдер ЕТЖ-ға сәйкес есептеледі.

Жалақы деңгейі экономикалық ахуалмен тікелей байланысты. Мұны вице-

министр жоққа шығармай, ашық айтты. Енді қараңыз, былтыр Қазақстанда ЖІӨ 6,5 пайыз өсім көрсетіп, кейінгі 10 жылда болмаған рекорд орнатты. «Бірақ тапқаны тамақтан артымайтын қалың бұқараның жағдайы 6,5 пайызға жақсарды ма?» деген сұрақ туады осындайда. Қазір ЕТЖ мөлшері 85 мың теңге деп белгіленген. Яғни, жанағы медиандық жалақының 30-ақ пайызына тең. 10 жылда ЕТЖ көлемі 19 996 теңгеден басталып, 2024 жылы әуірдегі, 85 мыңға жетті де, содан бері мұрты бұзылмастан мызғымай тұр. Көңілге қонайтын көрсеткіш екенін халық та біледі, билік те мойындайды. Кейде ЕТЖ-ны ешқашан дүкенге бас сұқпаған, базар аралап көрмеген біреулер бекітті ме деп таңғаласын. Азық-түлік тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларына сүйенсек те, 85 мың деген сома ақылға сыймайды. Екінші бірі банкке борышкер. Үкімет қанша жерден тежеп ұстауға тырысса да, тауар бағасы ауыздыққа көнбей, ала қашып барады. Тіпті, Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғалин де: «Мен өзім ол ақшаға өмір сүре алмас едім», – деп ағынан жарылған. Инфляция мен девальвацияны ескерсек, ЕТЖ бекітілген екі жылда тұрғындардың тұрмысы нашарлап кетті деуге болады. Себебі экономикада жалақы деңгейі оның номиналды мәні бойынша емес, сатып алу қабілеті бойынша есептеледі. Сондықтан бүгінгі 85 мың теңгені кедейліктің заман шегеленген шегі демесеке лажымыз жоқ.

Жалпы, қазақстандықтар үшін жалақы – негізгі табыс көзі. Жұмыспен қамтылған азаматтардың төрттен үш бөлігі жалданып жұмыс істейді. Өз кезегінде жалақы халықтың ақшалай кірісінің 70 пайызына

пара-пар. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне, елімізде ЕТЖ-ны 1 млн 800 мың адам алады. 329 мың адам 80 мыңнан да аз жалақыға күнелтіп жатыр.

Бірақ кей мамандар жалақыны күрт көтеруге күдікпен қарайды. Өйткені жалақы өссе, өндіріс шығындары да өседі. Соның салдарынан тауар мен тариф құны шарықтайды. Тұтыну секторына қосымша ақша құйыла, сұраныс артады, шектен тыс сұраныс инфляцияны өршітеді. Мұндай құбылыс Қытай экономикасында анық байқалған. 2014-2016 жылдары ондағы орташа жалақы 700-800 доллардан асып, арзан жұмыс күші деген түсінік жойылды. Нәтижесінде, Қазақстан нарығында қытайлық өнімдерден гөрі Ресей мен Беларусь тауарлары қолжетімді болып қалды. Сондай-ақ бюджет тапшылығы мен бизнес мүддесін алға тартып, жалақыны арттыруға қарсы уәж айтатындар көп.

Әйткенмен, екінші тараптың талаптарына да құлақ асқан жұмыс. Бізде жұмыс берушілердің мүддесі жұмысшылардың мүддесінен жоғары тұратыны жасырын емес. Сенбесеніздер, Ұлттық экономика бюросының статистикасына жүгініп, мәселені мән-жайын «100 теңге» мысалымен түсіндірейік. 2010 жылы Қазақстанға табыс ретінде түскен әрбір 100 теңгенің 34,3 теңгесі жұмысшыға бұйырса, 45,2 теңгесі жұмыс берушінің қалтасында кеткен. 2021 жылы ЖІӨ-дегі еңбекақы үлесі 31,2 теңгеге дейін азайып, капитал иелерінің үлесі, керісінше, 50,8 теңгеге дейін молайған. Ең жаманы, 2016-2019 жылдары жұмысшының сыбағасы 28-30 теңгеге дейін құлдырап, бизнестің таза пайдасы 52 теңгеге дейін көбейген. Былайша айтқанда, аталған 10 жылда байлар байыған үстіне байып, кедейлер жұтаған үстіне жұтай берген. Салыстырсақ, АҚШ пен Еуроодақта ЖІӨ құрылымындағы жалақы үлесі 55-60

пайызды құрайды. Бұл елдерде кәсіпкердің пайдасынан жұмысшының табысына басымдық беріледі. Ал біздегідей пайданың жалақыдан 20 пайызға артық болуын экономикалық теңсіздіктің аса бір сорақы көрінісі деуге болады. Ендеше ЕТЖ-ны 150 мың теңгеге көтеру шарасын халықтың хақысын қайтаруға деген тапшыныс деп қабылдауымыз қажет. Президент «ұлттық байлықтың өділ бөлінуі» дегенде сыбайлас жемқорлықты ғана емес, осы проблеманы да мензеген деп ойлаймыз.

Жұмысшы табысын инфляцияға жегізбей, қымбатшылық салдарымен (себебімен емес) күресетін бір тетік – жалақыны индексстеу. Алайда қолданыстағы заңымыз бұл жерде де жұмыс берушінің сойылын соғатын тәртізді. Еңбек кодексінің 157-бабында жалақыны индексстеу тәртібі ұжымдық келісімшартқа енгізілуі «мүмкін» деп екіұштылау жазылған. Мұндағы «мүмкін» сөзі – міндеттеу емес, ұсыныс қана. Сөйтіп, заңдағы кішкентай бір санылау жалақыны индексстеу мәселесін қожайынның өз еркіне қалдырған. Бір ғана «мүмкін» деген сөз мн-даған жұмысшының өмір сапасын жұмыс берушінің патша көңіліне тәуелді қылып қойған.

Дегенмен енді жалақыны есептеудің жаңа дәуірі басталды десек, асыра сілтемейтін шығармыз. Былтыр Парламент Сенаты Халықаралық еңбек ұйымының №131 конвенциясын мақұлады. Оған сәйкес, министрлер кабинеті бұдан былай ЕТЖ-ны өлшегенде, еңбек өнімділігі мен экономикадағы медианалық жалақыны міндетті түрде назарға алады.

Ең бастысы, жұмысшының қолына тиетін ақша көбейіп, оның сатып алу қабілеті бәз баяғы қалпында қалмауға тиіс. Жалақы мен баға жарысын тоқтатып, экономикадағы тұйық шеңберден «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай» шығатын жол табу Үкімет пен Ұлттық банкке серт болсын!

ТРЕНДКЕ АЙНАЛҒАН СЛЕНГ

(Басы 1-бетте)

Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

— Кез келген құбылыстың эволюциясы оның пайда болуынан бастап, жетілу, толығы сияқты үдерістерді басынан өткізіп, дамудың ең жоғары шегіне жету кезеңдерін қамтиды. Мұндай эволюциялық даму тілге де қатысты. Мысалы, XIX ғасырда неміс ғалымы Август Шлейхер тілді «туу, өсу, өлу» сияқты процестер тән тірі ағзаға теңестірді. Ол тіл дамуының тарихқа дейінгі классикалық дәуірі және «тарихтан кейінгі құлдырау дәуірі» деген екі кезеңін көрсеткен. Қазір тіл эволюциясы А.Шлейхер тұжырымдарымен дәлме-дәл болмағанымен, соған келіп саятын құбылысты байқауға болады. Тілдің қолдануға, ойды ықшам жеткізуге икемділігін арттыру және екінші тіл, шетел тілі ретінде үйренуге онтайландыру оның құрылымының қарапайымдануы талап етеді. Бұл сол уақытта тілдің өзінше образды, поэтикалық бай сипатынан ажырауына мәжбүр етеді. Бір қарағанда, тіл құрылымының қарапайымдануы, образдылық сипатынан ажырауы я жұтандануы эволюцияға қайшы құбылыс сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ заман өзгерісімен, технология дамуымен тіл жана атаулармен толығырақ. Сіз айттып отырған цифрлық ортада орыс, ағылшын немесе америкалық ауызекі тіл лексикасын қазақ тілімен араластырып сөйлеу де қазіргі қоғамдағы жаңадану үдерісімен байланысты, — деді Аяужан Қайратқызы.

**МАСС-МЕДИАДА АСЫРА
СІЛТЕУШІЛККЕ
ЖОЛ БЕРІЛМЕУГЕ ТІІС**

Қазір жана сленг сөздер күнделікті қолданыстан ақырындап медиатілге, тіпті ресми мәтіндерге де сіңісіп барады. Бірақ сарапшы бұл жағдайға уақытша құбылыс деп қарайды.

— Иә, бұл — өкінішке қарай, шындық. Кешкі жаналықтар мен сараптамалық бағдарламалардағы «жасанды ақпараттық шу» деген мағынада «хайп» сөзінің, «хайп куу» тіркесінің еркін қолданысы, сонымен қатар «лайк басыныз», «репост жасаңыз» деген сөздердің әкімдіктердің Instagram парақшаларында, «ледлайн» сөзінің ғылыми конференциялар туралы ресми хабарламаларда жиі көрініс беруі әдеби тіл мен ауызекі тіл аражігінің жойылып бара жатқанындай әсер береді. Алайда сленгтердің ресми салаға енуі өтпелі, уақытша құбылыс деп сөйтеймін. Егер тілді тірі ағза десек, оның соған сәйкес иммунитеті болуы заңды. Яғни, тілдік иммунитет медиа мен ғаламтордағы бейберекет сленгтерді біртіндеп реттейді. Осыған ұқсас мысалдарды тіл тарихынан іздеп таба аламыз. Бір кездері «пробка», «сотовый / сотка», «скачать / загрузка» сияқты сленгтердің бүгінде сәтті баламасы тілде орнығып, сленгті ығыстырып шығарды, — деді ғалым.

ТікТок-тағы Z буыны қолданатын сленг сөздердің құрылымы (2025)

Дереккөз: International Journal of English Linguistics Literature and Education



**«ӨЗ АДАМЫ» МЕН
«БӨТЕНДІ» АЖЫРАТЫН
ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛГІ**

Қоғамда бұл құбылыстың тілдік қана емес, әлеуметтік қыры да бар. Әлеуметтанушы Айсулу Молдабекова егер жас адам ресми, ғылыми, тұрмыстық және онлайн-тіл арасында еркін ауыса алса, бұл құлдырау емес, керісінше, тілдік байлықтың көрсеткіші деп санайды. Онымен қоса сарапшының сөзінше, белгілі бір сленгті қолдану адамды нақты бір топтың мүшесі ретінде танытады.

— ТікТок пен басқа да платформаларда қалыптасқан сленг, қысқарған сөздер, аралас тіл бүгінгі тағы бір көзге ұратын құбылысы. Бір қарағанда, бұл «норма бұзу», «тілді шұбарлау» сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ тіл тарихына қарасақ, әр дәуірдің өз жастық тілі, өз «құпия қолы» болған. Қазіргі интернет-сленг — сол үрдістің цифрлық жалғасы. Жастар қысқа видеоға сыйдыру үшін ойды ықшамдайды, эмоцияны эмподи, мем, қысқа тіркеспен береді, өңгімеге қазақша, орысша, ағылшынша элементтерді қатар қосады. Бұл — тілдің табиғи бейімделуі, жана коммуникациялық жағдайға икемделуі. Екінші жағынан, «өз адамы» мен «бөтенді» ажырататын әлеуметтік белгі. Белгілі бір сленгті түсіну — сол ортаға тиесілі екеніңізді көрсетісі, символдық белгісі. Мәселе — осы қолдың жалғыз ғана тілдік репертуарға айналып кетпеуінде, — деді ғалым.

Қазіргі медиакөрсеткіште «ТікТок буыны» деген түсінік қалыптасқан. Бұл ұғым ғылыми тұрғыда қаншалықты негізді? Бүгінгі жастарды алдыңғы буындардан айқындайтын басты әлеуметтік белгілер

қандай? Әлеуметтанушы бұл сауалымызға төмендегідей жауап берді.

— «ТікТок буыны» ғылымдан гөрі медиалық және публицистикалық метафора. Бұл атау бүгінгі — жастарды түсінудің кілтін айналы. Ол — әрине, жастардың өмірі цифрлық кеңістікке, қысқа видеолар мен үздіксіз онлайн-коммуникацияға байланған дәуірді дәл сипаттайтын бейнелі ұғым. Қазіргі жастардың бала кезден смартфонмен өскені, жаналықты да, әзілді де, саясатты да ең алдымен әлеу-

меттік желіден алуы — олардың әлеуметтік келбетін түбегейлі өзгертті. Ақпаратпен жұмыс істеу форматы да басқа. Олар үшін ұзақ дәріс не көлемді мәтіннен гөрі бірнеше секундтық үзінді, визуал, эмоционалды әсер манайдырақ. Сондықтан бүгінгі ұрпақты жай «жана жастар» емес, цифрлық ортада социализацияланған, медиа арқылы өзін де, әлемді де танытын ерекше әлеуметтік топ деп қарастыру қиынды, — деді Айсулу Тұрсынбайқызы.

«ТікТок буынына» тән тағы бір құбылыс — лүпіл мен каралымның маңызды индикаторға айналуы. Себебі сандар көрсеткіші жана буының арасында контентті ғана емес, жеке тұлғаның да бағалануы ретінде қабылданады.

— Осының бәрін байланыстырып тұрған тағы бір көрініс — лүпіл мен каралымның білігі. Бүгінгінің жасына сандық көрсеткіш өте нақты, түсінікті сигнал береді: «Менің сөзім, бейнем, ойым маңызды ма, жоқ па?». Каралым көп болса, сен қызықсың, лүпіл аз болса, қоғам сені «байқамағандай». Осыдан барып танымалдық тек жеке бедел емес, әлеуметтік капиталға, материалдық мүмкіндікке айналды. Көп каралым жарнама мен табысқа, жана таныстықтарға, кәсіби ұсыныстарға жол ашады. Бірақ «цифрлық валюта» жастардың ішкі дүниесіне де әсер етпей қоймайды, — деді әлеуметтанушы А.Молдабекова.

**КЕЗ КЕЛГЕН СЛЕНГТІҢ «ТАҒДЫРЫ»
БІРДЕЙ ЕМЕС**

Тарих көрсеткендей, кез келген сленгтің «тағдыры» бірдей емес. Кейбір сөздер уақыт өте келе кен қолданысқа ие болса, енді бірі тар әлеуметтік топ шеңберінде қалып қояды. Тіл маманының пікірінше, технологиялық ортадан шыққан сленгтердің термин ретінде орнығу ықтимал-

Z ұрпақтың 65%-ы сленгті ТікТок арқылы үйренген

Дереккөз: New York Post



МИЛЛИАРДТАР МЕН МІН: ҚАРЖЫ ҚАЙДА КЕТТІ?

«Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы...» Өкінішке қарай, солтүстік өңірлердің басым бөлігінде ауылдар қаңырап, басым бөлігінде бірен-саран ғана үй қалған. Бұл — теріскей аймақтардың көпшілігіне тән жағдай. Алтын бесік ауылдардың карта бетінен мәңгілікке сызылып, ондағы білім беру ұйымдарының жаппай жабылуы талай баланың интернатта жатып оқуына мәжбүр еткені рас...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Бір қарағанда, шалғайдағы ауыл балаларын қамқорлығына алатын киелі орын екені рас. Алайда кезінде талай дүлдүл түлеп ұшқан мектеп-интернаттардың бүгінгі жағдайы алаңдатарлық күйге жеткен. Елорданың тап іргесіндегі Ақмола облысында да жауапсыздық пен салғырттық салдарынан түйтілдік түйні шешілмей тұр. Бұл бір күнде басталған іс емес. Өңірдің білім ордаларындағы асқынған жағдай аудиториялық тексеріс қорытындысында ашық болды. Өкініштісі сол, мемлекеттің бюджет қоржынынан бөлінген миллиардтаған қаржы «итерілгенімен» іс жүзінде интернаттағы бейкүнә балалар көп жағдайда ашқұрсақ қалған. Ал білім мекемелерінде дипломсыз-ақ «мұғалімдер» білім беріп келген...

МИЛЛИАРДТАР ҚАЙДА КЕТТІ?

Сонымен бәрін біртіндеп жіпке тізсек... 2022-2025 жылдар аралығында өңірдегі 14 білім беру мекемесінде жүргізілген аудит қорытындысы 26 миллиард теңгеге жуық қаражаттың жұмсалғанын анықтады. Тексеріс нәтижесі көңіл көншітпейді.

Аудиторлардың кешенді түрде жүргізген қорытындысына сәйкес, 1,8 миллиард теңгеден астам қаражатты жұмсау кезінде өрескел заңбұзушылыққа жол берілгені ашық болды. Сонымен қатар 94 миллион теңге сомасында тікелей қаржылық заңбұзушылықтар тіркелген. Ал 1,7 миллиард теңге қаражат тиімсіз пайдаланылған болып шықты.



Дегенмен білім басқармасы ұсынған ресми жауапта бұл көрсеткіштердің бір бөлігі рәсімдік сипатта болғанын алға тартады. Ресми ұсынылған мәліметке сәйкес, 83,3 миллион теңге бухгалтерлік есепте қалпына келтірілген, ал 7,7 миллион теңге аудит барысында бюджетке қайтарылған. Қалған 3,1 миллион теңге толық өтеліп, 2026 жылғы 2 наурызға дейін бюджет кірісіне өндірілген.

Сондай-ақ 27 қызметкерге тәртіптік шара қолданылып, бірқатар лауазымды тұлғаларға, оның ішінде Щучинск қаласындағы IT лицей-интернатының директоры Бабыр Нұрматовқа қатаң сөгіс берілген.

Алайда бұл деректер миллиардтаған теңгенің тиімсіз жұмсалыуына сай келе ме? Мәселе дәл осы жерде туындайды.

БАЛАНЫҢ НЕСІБЕСІНЕН ЖЕГЕНДЕР...

Өңірдің мектеп-интернаттарындағы ең ауыр мәселе балалардың тамағына қатысты заңбұзушылықтар болып отыр. Қағаз жүзінде толыққанды мәзір болғанымен, іс жүзінде порциялар бірнеше есе аз берілген. Мәселен, 400 грамм болуға тиіс тағам небәрі 77 грамм ғана ұсынылған.

Бұл жағдайға қатысты білім басқармасы нақты бір күнмен байланысты түсініктеме береді. Басқарма біздің сауалға жолдаған ресми жауабына жүгінсек, тексеріс өткен жылдың 24 қазанында жүргізілген. Токсанның соңғы күні болғандықтан, оқушылардың бір бөлігі ерте қайтып кеткен. Сол себепті ысыраптың алдын алу үшін тамақ аз дайындалған. Қалған өнімдер қоймада сақталғаны комиссияға көрсетілген.

Алайда аудит тек бір күндік көріністі емес, жүйелі бұзушылықтарды тіркеп отыр. Сондықтан бұл түсініктеме барлық фактіні толық жокқа шығара алмайтыны анық. Интернеттарда азық-түлік пен дәрі-дәрмектердің жетіспеуі, ал кейбір өнімдердің бірнеше есе қымбат сатып алынуы анықталған. Мәселен Көкшетау қалалық «Дарын» мектебінде нарықта 560 теңге тұратын айран 1182 теңгеден алынған.

Бұл мәселеге қатысты Білім басқармасы мемлекеттік сатып алу жүйесіне сілтеме жасайды. Яғни, барлық сатып алулар конкурс арқылы, ең төмен баға ұсынған жеткізуші арқылы жүзеге асады. Дегенмен тәжірибе көрсеткендей, «ең төмен баға» әрдайым «енімізді шешім» емес. Керісінше, сапасыз немесе жасанды түрде төмендетілген ұсыныстар кейін бюджеттің бүйіріне қосымша шығын әкелуі мүмкін.

Аудиторлық тексеріс қорытындысы облыс аумағындағы кейбір интернаттарда арнайы білімі жоқ педагогтардың да емінеркін жұмыс істеп келгенін анықтаған. Бұл — балалардың білімі алу құқығына тікелей нұқсан келтіретіні сөзсіз. Сонымен қатар аудиторлар білім сапасының төмендегенін де тіркеген.

Білім басқармасы бұл тұжырыммен толық келіспеді. Олардың мәліметінше, облыс бойынша білім сапасы 1,3 пайызға өсіп, 63,8 пайызды құраған. Ал мамандандырылған мектептердегі көрсеткіш, тіпті 80,1 пайызға дейін жеткен.

Бұдан бөлек, Республика бойынша үздік 100 олимпиадалық мектеп рейтингіне облыстың 8 мектебі енген. Алайда жалпы өсім болғанымен, жекелеген интернаттардағы нақты проблемалар жоққа шығарылмады.

**САПАСЫЗ САТЫП АЛУ —
ЖҮЙЕЛІК ІНДЕТ**

Тексеріс өңірдің мектеп-интернаттарындағы орын мәселесі де аса қатты ушығып тұрғанын көрсетті. Мәселен, Щучинск қаласындағы жатақханада 135 орынға 300-ге жуық бала орналастырылған болып шықты. Бұл мәселеге қатысты облыстық білім басқармасы оқушылар санының күрт өсуін алға тартады.

дығы жоғары. Ал тұрмыстық, эмоциялық сипаттағы сөздер көбіне уақытша құбылыс болып қалады.

— Біршама сленгтердің тілге қабылданбай, тысқары қалуы да заңдылық. Нақты айтқанда, тұрмыстық сленгтердің тілге сіңісіп, оның сөздік қорды байыту мүмкіндігі төмен болса, технологиялық сленгтердің термин, қайсыбір саланың арнаулы лексикасы ретінде орнығу мүмкіндігі зор. Мысалы, өткен ғасырдың 90-жылдарындағы «базар жок», «крышасы кету», «қораға кіру» сияқты тіркестер тілге сіңген жоқ. Олар шектеулі әлеуметтік топтың сөйлеу тілінде уақытша өмір сүрді. Ал бір кездері қаржыгерлердің кәсіби жарғоны болған «бюджет» сөзі — қазір экономика саласының термині. Дегенмен сленгтің уақыт сүзгісінен өтпей, жаппай түпкілікті тілге сіңірілуі, тілдік нормаға айналуы — неғайбыл жағдай, меніңше, мүмкін емес, — деді А.Тасуоғарова.

**ЗУМЕР БУЫНЫҢ 65 ПАЙЫЗЫ
СЛЕНГТІ ТІКТОК АРҚЫЛЫ
ҮЙРЕНГЕН**

Батыржан Жұмаділов — бүгінде маркетинг саласында қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі SMM маманы. Осыған дейін бірнеше жобамен айналысқан ол контент жасаушылар үшін трендке ілесу маңызды фактор екенін алға тартады. Сол себепті егер желіде қандай да бір сленг трендке айналса, SMM мамандары мұны қалт жібермеуге тырысады. Қазір жастар арасында сленг қолдану контентті «шынайырақ» етіп көрсетеді деген пікір бар. Бұл көзқарасты Батыржан Жұмаділов те құптайды.

— Иә, сленг қолдану аудитория сеніміне тікелей әсер етеді. Әсіресе, жастар үшін тым ресми тіл кейде жасанды немесе алыстатылғандай көрінуі мүмкін. Ал сленг пен қарапайым сөйлеу стилі контентті шынайы әрі оқырманды «жақын» етеді. Көрсеткен экранның ар жағында өзіне ұқсас, қарапайым адам отырғанын сезінеді. Бұл сенімді арттырып, аудиториямен байланыс күшейеді, — деді ол.

Жоғарыда әлеуметтанушы атап өткендей, сленг сөздер адамды өзінің белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі секілді көрсетеді. Ал контент жасау барысында рәсім мен осындай тілдік стереотиптерге мән беріле ме? SMM маманына сұрап көрдік.

— Контент жасау кезінде аудиторияның жас ерекшелігі мен тілдік стилі міндетті түрде ескеріледі. Бұл — контент стратегиясының бір бөлігі. Жеке тәжірибемде мен әртүрлі сөйлеу стилін қолданамын. Ол көбіне парақшаның позициясына, стиліне және берілетін ақпараттың форматына байланысты. Дегенмен қазіргі уақытта коммерциялық парақшалардың көбінде, әсіресе, контентмейкер зумер немесе альфа буынына жатса, сленг пен заманауи тілдік тәсілдер жиі қолданылады. Бұл аудиторияға жақын болу үшін жасалатын саналы тандау, — деді Б.Жұмаділов.

New York Post басшылығында жарық көрген зерттеу нәтижесіне сәйкес, зумер буының 65 пайызы сленгті ТікТок арқылы үйренген. Тарихта сленг сөздердің қолданылуы енуі қалыптасу құбылысы саналса да, сарапшылар кейінгі жылдары әлеуметтік желілер тілдің өзгеру қарқынын бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткізгенін мәлімдеген.

— Лицей облыстық мәртебе алғаннан кейін сұраныс артқан. Сонымен қатар өткен жылы 300 орындық жана жатақхана салынып, бүгінде мәселе толық шешілген, — деді облыстық білім басқармасынан.

Дегенмен бұл мәселенің іс жүзінде бар болғанын жанама түрде мойындау екені анық.

Тексеріс барысында 100 пайыз мақта болуға тиіс төсек-орындардың синтетикалық екені анықталған. Бірақ ешкім жауапқа тартылмаған. Жеткізушілерге талап қойылмаған, сотқа жүгін болмаған. Бұл мемлекеттік мүддені қорғаудың толықтай әлсірегенін айғайтай түседі.

Білім басқармасы бұл сауалға жеткізушілердің сапа сертификаттары ұсынылғанын, ал синтетиканың аз мөлшері практикалық себептермен қосылғанымен түсіндірді. Алайда бұл техникалық сипаттаманың бұзылғанын жоққа шығармайды. Сонымен қатар сапасыз өнімдер бойынша сотқа жүгіну үшін сараптама қажет екені, оның қосымша шығын талап ететіні айтылған.

Ең ауыры — балаларға келгенде үнемдейтін жүйе, өз қызметкерлеріне келгенде, «тым жоғарт» болып шықты. Тексеріс қорытындысы артық төленген жалақы, негізгі іссапарлар, зансыз премиялардың неше атасы бар фактілерін тіркеген. Тіпті мекеме есепшілерінің өзіне артық демалыс ақылары мен материалдық көмек төленіп келген болып шықты.

P.S.

Жалпы алғанда, Ақмола облысындағы мектеп-интернаттар төңірегіндегі жағдай — тек жекелеген заңбұзушылықтардың жиынтығы ғана емес, жүйелік проблемалардың көрінісі екені айғайтай түседі. Білім басқармасының ресми жауаптары белгілі бір фактілерді түсіндіруге тырысқанымен, көптеген сұрақ әлі де басы ашық күйінде қалып отыр. Бір жағында — есепте «қалпына келтірілген» миллиардтар мен тәртіптік жазалар болса, екінші жағында — толық тамақ ішпеген балалар, сапасыз білім мен тиімсіз жұмсалған миллиардтар тұр. Бұл жерде ең басты сұрақ өзгермейді. Баланың құқығы мен болашағы үшін бөлінген қаржының нақты нәтижесі қайда қалды?

28 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

БІР ҚАДАМ – МЫҢҮМІТ

Мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін әлеуметтік жеңілдік қандай? Қауқарсыз жандар неге мұқтаж? Олар қоғам назарынан тыс қалып қойған жоқ па? Көңілде – көп сауал.

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Гүлсара Расулқызы 10 жылдан бері тағдыр сынағынан қаймықпай, ауыр сырқатпен қасқайып күресіп келеді. Ол 2015 жылы сирек кездесетін ауыр сырқатқа шалдығып, екі аяғы бастырмай қалады. Дәрігерлер сол кезде-ақ оған өмірінің тым аз қалғанын, мұндай аурумен 37-38 жасқа дейін өмір сүруге болатынын айтқан. Дәрігерлердің тосын ескертуі Гүлсараның жанына қатты батады. Сол кезде ол 37-ге келген еді, бұдан кейін «ойбу, әлі тірі екенмін ғой» деген оймен өлімін күтіп, ауыр күн кеше бастайды. Дегенмен Гүлсара еңсесін тіктеп, күрескер анаға айналады. Өкініштісі, қазір оның екі аяғымен қатар екі қолы да жанысызданып барады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегінше, елімізде 740 мыңнан аса мүгедектігі бар азамат тіркелген, оның 201 мыңы зейнет жасында болса, 112 мыңы – балалар. Демек, Гүлсара сияқты әрбір жанның әр күні күреспен өтеді, әр күн сайын түрлі қысыммен арпалысады.

– Мемлекет бір жылға жетерлік жаялық, жөргекпен қамтамасыз етіп, арнайы арбалар береді. Бұған айтар шағымым жоқ. 1-топ мүгедегіне 110 мың теңге көлемінде жәрдемақы тағайындалған. Бұл жеп-ішеріне жетеді, алайда пәтерде тұратын мүгедек адамдар бар. Ем-домға кемінде 50-60 мың теңге жұмсайсың. Әлеуметтік қосалқы жұмысшы ала алмаймын, ол аптасына 2-3 рет қана келеді. Бір қырымнан екінші қырыма аунай алмаймын, қолымның өзін әзер көтеремін, сондықтан көмекші қажет, ол жоғары қаржыны талап етеді. Мемлекет тарапынан жеке көмекшіге 86 мың теңге бөлінеді. Бұған келісіп, үш уақыт шай-тамағымды беріп, жөргегімді ауыстырып, жуындырып-шайындырып, ешкімнің де жұмыс істегісі келмейді. Ауылда көмекшінің жалақысы кемінде 150 мыңнан басталады, – дейді Г.Расулқызы.

Кейіпкеріміз жеке күтушісі жалақы мәселесіне байланысты жұмыстан шығып кеткенде, қаншама күн қиналып қалғанын да жасырмады. Қазір ол жәрдемақысының 74 мыңын күтушінің жалақысына жұмсауға мәжбүр. Жолдасы басына қиындық түскенде, мүгедектігін себеп қылып, тастап кеткен екен, бірнеше жыл төсек тартып жатқанда, жақындары да одан теріс айнала бастаған.

– Бауырларым келіп тұрады, олардың да өз сүйреткен арбасы бар, көмектесе алмайды. Балам қарай алғанша қарады, өте қиын, оны айта



Елнұр ҚАБА (қолжазба)

мемлекет тарапынан мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа орналастыру мақсатында арнайы субсидиялар да бар. Мысалы, 2024 жылы 62 орын субсидиялаудан өтіп, 27 мың адам қаржылық орталықтарға барып, соның 16 мыңына арнайы субсидиямен жұмыс орындары ашылған. Сонымен қатар әлеуметтік қолдау басқармасы жұмысқа алынған мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жалақысының белгілі бір бөлігін төлеп береді. Алайда бұл жерде 1-топ мүгедектері, түрлі ерекшелігі бар, ауыр сырқатқа шалдыққан жандарды еңбекке араластыру – өте күрделі шаруа.

– Мемлекеттік деңгейде жұмыс орындарын квоталау шарасы бар, жергілікті басқару ұйымдары жұмыс орында жалпы жұмысшы санының 2-4%-ын мүмкіндігі бар азаматтарға беру керек деген квоталық орындар белгілеген. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің есебінше, осындай квотамен 4 500 адам жұмысқа тұрды деп айтылады, бірақ Үкімет жасап жатқан шара менталды бұзылысы бар жасөспірімдер мен ересектерге толық бағыттала қоймаған.

– Министрлік тарапынан ақпараттық жұмыс жүргізіліп, қажет материалдар ресми органдардың сайтына жариялануға тиіс. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, отбасыға белгілі бір әлеуметтік мәртебе берілсе, сол сәтте-ақ отбасыға арнайы материалдар, брошюра, кітапшалар ұсынады. Германияда бұл жөнінде өте көлемді кітап бар. Ресейде де қоғамдық ұйымдардың күшімен, федералдық гранттардың қолдауымен осындай кітапшалар дайындалады. Министрлікпен келіссөздер жүргізген кезде, осындай материалдарды таратып көрейік деген ұсыныс айтқанмын. Өкінішке қарай, олардың тарапынан қызығушылық болмады, – дейді Айгүл Шакибаева.

Сұраққа байланысты бұл бастамалар іске аспаған. Дегенмен кейінгі 10 жылда ата-аналар белсенді болып, қажетті материалды өздері бөлшектеп іздей бастаған. BI-Juldyzai қоры инклюзия саласындағы бар ақпаратты әлеуметтік желінің көмегімен таратып, 20 жылдан бері халыққа көмек көрсетіп келеді екен. Сонымен қатар мемлекеттік ауруханалардың базасында туа біткен ақауы бар балаларға халықаралық жетекші мамандардың қатысуымен жана технологияларды қолдана отырып, хирургиялық операциялар өткізетін медициналық жобаны қолға алған. Білім беру ұйымдарымен серіктесіп, спорттық-мәдени жобаларды өткізіп келеді, интернаттардағы мүгедек балаларға да қолдау көрсетеді. Маманның айтуынша, қазір бұл бағытта үлкен қолдаулар керек, себебі Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда (ПМПК) 200 мыңнан астам бала тіркеуде тұр, ерекше қажеттілігі бар балалардың саны жарты миллионнан асып жығылуы да мүмкін. Ата-аналар көп жағдайда қандай жеңілдіктер барын білмейді.

ҚЫЗМЕТ ТҮСІНІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Мемлекет тарапынан мүгедектігі бар жандардың өмір сапасын арттыру мақсатында жеңілдіктер жоқ емес, бар. Бұл жүйені әлі де жетілдіру қажеті байқалады. Мәселен, инвентакси қызметін айтсақ, жүйе шамамен 16 жыл бұрын пайда болған. Алғашында қызмет тек тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға, ДЦП диагнозы барларға, көру қабілеті бұзылған адамдарға, яғни физикалық қозғалыста қиындығы бар адамдарға арналды. Жергілікті атқарушы органдар қаржы бөлсе, басқа да диагнозы бар адамдар да бұл қызметті пайдалана алады деген ереже қосылды. Кейбір жеке ұйымдар бұл жүйеден мүмкіндік тауып, мемлекеттік тапсырыс ала бастады. Соның әсерінен аутизмі бар балалар, Даун синдромы бар балалар, өзге де менталдық бұзылысы бар жандарға инвентакси алу қиындай түсті.

– Инвентаксиді мүлде қолданған емеспін. Аксукент ауданында тұрамын, бұл жерде инвентакси деген атымен жоқ, тек қалада бар. Қалада бір-екі күн бұрын инвентаксиге өтінім береміз. Олар қабылдап, белгілеген күні алып кетеді-міс. Мүгедектігі бар адам мына күні ауырып қаламын, сол кезде инвентакси шақырып емханаға көріңуге жетіп барамын деп болжам жасап, кестемен

Мемлекет тарапынан мүгедектігі бар жандардың өмір сапасын арттыру мақсатында жеңілдіктер жоқ емес, бар. Бұл жүйені әлі де жетілдіру қажеті байқалады.

алмаймын. Бұл жағдайды басынан өткермеген адам халімді түсінбейді, тек Үкіметке шағым айтатын адам ретінде көруі мүмкін. Шындықты айтып отырмын, жеке көмекшінің жалақысы – 86 мың теңге, бұл қызмет жеткілікті деңгейде бағаланбаған, бағаланбайды да. Парақшама көмекшінің жалақысы жайлы жазба жариялағанымда, жан-жақтан қауқалап, қала әкімінің хатшысы хабарласып, қысым көрсеткен-ді. Содан жәрдем беріп жүрген кіші қызметкерлер жапа шегіп, жұмыстан шығып кетпесін деген ниетпен жазбамды өшіріме де тура келген, – дейді Гүлсара.

Оның айтуынша, мүгедек адам күтушісіз қалып қойған жағдайда жыл ішінде бір рет қаржылай көмек алуына болады. Ал оның бағасы – небәрі 43 мың теңге.

– Жәрдемақы мәселесін реттеу керек, біз оны шеше алмаймыз, 1-топтағы мүгедектер қайыршылыққа шығып кетті, базардың алдында адамдарға алақан жайып отыр, беттің қызылы кеткен, қалай болса да, күн көру керек. Егер жақындарымының жанында болып, күйеуімнің қасында тұрсам, мемлекеттің жәрдем-пұлнына қарамайтын да едім. Солай өмір сүріп жатқан мүгедектер некен-саяқ. Мен секілді жалғыз қалып қойған адамдар өте көп, оның жартысынан көбі қарттар үйінде... Олармен рухани байланыстамын, барынша қолдаймын, менің ерік-жігерім кейде жетпейді, шаршаған, қажыған күндерім де болады, – дейді ол.

ЕҢБЕККЕ АРАЛАСТЫРУ – КҮРДЕЛІ ШАРУА

Мүгедектігі бар адамдардың жұмыспен қамтылуы да – толық шешілмей отырған мәселе. Иә,

Мүмкіндігі шектеулі дегенде, оның ішінде өртүрлі диагнозы бар адамдар бар. Аутизм және басқа да бұзылысы бар адамдар қиын категорияға жатады, оларды жұмысқа тұрғызбақ түгілі қоғамға бейімдеудің өзі үлкен күшті қажет етеді, – дейді Bolashak Charity қоғамдық қорының Инклюзивті және әлеуметтік бағдарламаларының жетекшісі Самал Төлегенқызы.

Ал Гүлсара қиналған шағында жанына қалам мен қағазды серік етіп, өлең жазуды тастамаған екен. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Жауқазын жырың тамшысы» атты екінші жыр жинағы жарық көреді. Қазір ол сол кітаптарын сатып, амалдап күн көріп отыр.

– Ерекшелігі бар адамды қай компания жұмысқа алғысы келеді? 2011 жылдары онлайн жұмыс істегенмін, қазір саусағым да икемге келмеген соң жазу да мұн болып кетті, жаза алмаймын. Былтырға дейін шығармашылықпен айналыстым, қазір жағдайым нашарлады. Екі қолым да икемге келмейді, сол себепті жаза алмаймын. Ойымның бәрі – жеке көмекшінің жалақысын қалай түгендеп берсем екен деп, мына дәріні қалай алсам екен деп отырмын. Өлмесем, бұл қиындықтардан құтылмайтын да шығармын, – деп налиды кейіпкеріміз.

АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛДАУ ЖЕТКІЛІКСІЗ

BI-Juldyzai корпоративтік қорының жоба сапасы бойынша сарапшы, «Ерекше балалардың құқығы» бастамасының жетекшісі Айгүл Шакибаева ресми органдар тарапынан ақпараттық қолдаудың жеткіліксіз екенін айтады, соның салдарынан мүгедектігі бар жандар өз құқығын білмей, тиісті жеңілдіктерге жете алмай жүреді.

ауырып, кестемен жүре алмайды ғой. Бір-екі күн бұрын кесте толтыратындай, киноға бармайды ғой. Бұл – өте күлкілі жағдай, – дейді Г.Расулқызы.

Айгүл ханымның сөзінше, халықаралық тәжірибеде бұл мәселе өртүрлі жолмен шешіледі. Біріншіден, арнайы инвентакси қызметтері бар. Екіншіден, мүмкіндігінше қызметтерді адамның тұратын жеріне жақын ұйымдастыруға тырысады немесе кешенді орталықтар құрады, сонда адам қала ішінде көп жүрмей, барлық қызметті бір жерден ала алады. Тағы бір тәсіл, мемлекет отбасына көлік сатып алуға субсидия береді немесе отбасында көлік болса, оны мүгедектер арбасын тасымалдауға бейімдеуге қаржы бөледі. Отбасының өз көлігін бейімдеуге мүмкіндік қалыптастырады.

– Таяуда Еңбекминнің мәлімдемесін көрдім, инвентаксиге қатысты бастапқы ережелерге қайта оралу жоспарланып жатыр. Қазір инвентакси арнайы жабдықталған, арбаға бейімделген көлік емес, қарапайым таксиге айналып кетті. Баланы балабақшаға, мектепке апаратын көлік ретінде қолданылып, басқа мақсатта да шақырылған жағдай бар. Ата-аналардың негізгі үжгі: баланы қоғамдық көлікпен тасымалдау мүмкін емес, буллинг, адамдардың қысымы бар дейді. Кей ата-ана «Мен басқа адамдардың көзқарасын көргім келмейді, сондықтан баламды бөлек тасымалдайын» деген ұстанымда болады. Алдын ала өтініш беру, кезек күту сияқты жүйелер де қызмет алуы қиындақты, – дейді сарапшы.

Демек, инвентаксидің артында қоғамның қысымы, буллинг мәселесі тұрғаны жасырын емес. Әу баста қызметті емес, инклюзив ортаны қалыптастыру тетігі алға шығуы қажет еді, қазір мұны министрлік те байқаған сынайлы, сол себепті де кейінгі кезде инвентакси қызметін қысқартуға тырысып жатыр.

– Билбордтар шығарып, автобустарға хабарландыру іліп, халыққа ерекше адамдардың барын түсіндіріп, оларға назар аудармау, сын айтпау керегін түсіндіру маңызды еді, қоғамда инклюзив мәдениет қалыптастыру қажет. «Маған ыңғайсыз» деген себеппен инвентакси мәселесін шешеміз деу жеткіліксіз, бұл мәселені толық шешпейді. Бәрі алғашында салдарын дұрыс ойланбаудан шықты. Адамдарға процесті дұрыс түсіндірмей, нақты жүйе қалыптастырмай шешім қабылданған, – дейді А.Шакибаева.

Мде мысал етуді жөн көрді. Мәселен, әлемдік тәжірибеде ауыр дертке шалдыққан адамға күтімді мүмкіндігінше жеңілдету қарастырылған. Мүгедек адамды күтуге қатысты бар ауыртпалық көбіне-көп аналарларға, жақын туысқанға түсетіні белгілі. Ал А.Шакибаева Парижге барғанында, арбада жүретін адамдардың да тұрмыста толықтай дербес болуына мүмкіндік беретін үйлерді көргенін айтады, тіпті адам ешкімнің көмегінсіз-ақ арнайы көтергіштің көмегімен төсектен тұрып, ваннаға бара алады. Біз бұл жүйеге қадам басу үшін алдымен қоғамның хабары, ақпараттық сауат қажет дейді.

ӨЗГЕНІ ҚОЗҚАРАСЫНА ТӨТЕП БЕРУ – ҚИЫННЫҢ ҚИЫНЫ

Бұдан бөлек, мүгедектігі бар адамдарға әуекомпанияларының жеңілдігі мен арнайы инвокупе жүйесі қарастырылған. Жұрт бұл жүйені де толық жетіле қоймағанын айтады әрі қоғамнан тыс өмір сүруге мәжбүр жандар бұл жеңілдікті қолдана да алмайды.

– Әуекомпанияларының жеңілдігі мен инвокупені пайдаланып көрген емеспін, өйткені қоғамда мүгедектігі бар адамдарға дені сау адамдар жиірек қарайды. Оны өзім де талай сездім, сол себепті мүгедектігі бар жандардың көбі қоғамнан оқшаулануға мәжбүр, өзгені мүсіркеуіне, көзқарасына төтеп беру – қиынның қиыны, – дейді Гүлсара.

Айгүл ханым бұл ретте өз жағдайын әңгімелеп берді, оның ұлы Даун синдромына шалдыққан екен. Баласы 16 жасстан бастап қиындықсыз билет ала алады. Бірақ негізгі мәселе – техникалық процестердің дұрыс жолға қойылмауы. Қарапайым адам билетті онлайн сатып алса, мүгедектігі бар адамдарға вокзалға барып, құжат тапсырып, кезекте тұруы керек. Осы айырмашылық бәрінен де қиындық тудырады, әсіресе шалғай өңірлерде бұл мәселе қатты байқалады.

А.Шакибаева бұл жағдайда негізгі мәселе тағы да көзқарас пен түсінікке келіп тірелетінін жеткізді. Қазіргі жүйе көбіне медициналық немесе қайыршылықтың тәсіліне негізделген, қоғамда «ауру бала туды, оны емдеу керек» деген түсінік бар. Тек сау бала ғана толыққанды қоғам мүшесі бола алады деген көзқарас қалыптасқан.

– Посткестенді кеністікте әлі де «мүгедек адам – ауру, ол аяуға, мүсіркеп қарауға лайық» деген көзқарас бар. Мемлекет толық құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуі керек. Өкінішке қарай, қиын жағдайға тап болған адамдар көбіне осы көзқарастардың, мәдениеттің, дәстүрдің әсерінен өз мәртебесін жасырады, туыстарына да айтады. Ұлым Даун синдромымен 2016 жылы Алматыда қарапайым мектепке алғашқылардың бірі болып барды. Кейін біз басқа балалардың да үйінің жанындағы қарапайым мектепке баруына көмектестік. Тәжірибе көрсеткендей, ерекше қажеттілігі бар бала да қалыпты өмір сүре алады, оған тиісті жағдай жасалуы керек, – дейді маман.

Халықаралық деңгейде, БҰҰ-ның Мүгедектер құқықтары туралы конвенциясында айтылғандай, мәселе адамның өзінде емес, оның айналасындағы ортада, яғни мемлекет, қоғам, инфрақұрылым адамның өмір сүруіне кедергі келтірмеуге тиіс. Егер орта бейімделмеген болса, адам өзін толыққанды сезіне алмайды, осылайша оқшаулануға мәжбүр болады.

СЫРҒА СЕРПІН БЕРГЕН САЛА



Сыр өңірінде заманауи үлгіде жабдықталған жаңа жылу электр орталығы іске қосылды. Бұл өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланып отыр.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Жыл басында Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму қарқынына тоқталып, жанадан бой көтерген ЖЭО-ның мүмкіндігін жоғары бағалаған болатын. Кеңесте Президент: «Сонын ішінде жаңа жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынды. Жылу орталығы аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі», — деп ерекше атап өтуі, жаңа орталықтың аймақ үшін стратегиялық маңызын айқындап берді.

Сыр шаһарында бұған дейін 1964 жылы пайдалануға берілген жылу электр орталығы жұмыс істеп келді. Кейінгі жылдары 60 жылдан астам уақыт үздіксіз жұмыс атқарған инфрақұрылымдық нысанның техникалық мүмкіндіктері халық сұранысын толық өтей алмай-тыны байқалады. Өйткені небәрі 67 мегаватт электр энергиясын өндіретін ескі станция облыстың қажеттілігінен небәрі 30 пайызын ғана қамтамасыз етуге қауқарлы болды. Бұл бірінші кезекте халық санының артуы мен жер ауқымының кеңеюіне де тікелей байланысты еді. Сондықтан жеткіліксіз электр энергиясын сырттан тасымалдауға мұқтаждық туды. Осы ретте аталмыш түйткілді шешудің жалғыз жолы — өңірден жаңа жылу электр орталығын салу ісі өздігінен сұранып тұрды.

Өндірістің жылу электр орталығын салу бастамасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен жүзеге асырыла бастады. Облыс әкімінің ықпалымен бірегей жобаны жүзеге асыру Түркияның Акса

Energy компаниясына тапсырылды. Толықтай инвестор қаржысына салу жоспарланған жобаның жалпы құны 215 млрд теңге болды.

— Өңірде жаңа жылу электр орталығының құрылысы 2024 жылы қарқын алды. Алғашында инвестициялық келісімшартқа сәйкес, стратегиялық нысанды іске қосу 2026 жылдың тамыз айына жоспарланған. Алайда облыс басшысының ықпалымен жылу электр орталығының құрылысы жедел мерзімнен бұрын іске қосылып отыр. Құрылыс жұмыстары барлық талап үдесіне сай жүргізіліп, толық қуатында жұмыс істей бастады. Аталмыш орталық келешекте аймақтың индустриялық дамуына тың серпін беретініне сеніммен қараймыз, — дейді Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Тахир Нәдірбек.

Аталмыш нысан энергетика саласы ғана емес, өңір экономикасының жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашатын маңызды стратегиялық қадам саналады. Бұл өз кезегінде өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін тәуелділіктен арылтып, жаңа өндірістердің ашылуына мүмкіндікті арттырады деп жоспарланып отыр.

Басқарманың мәліметіне сәйкес, мұнда Әлемнің жетекші өндіріс орындарының жабдықтары орнатылған. Атап айтқанда, АҚШ-тың General Electric компаниясының газ турбиналары, Чехияның Doosan Skoda бу турбинасы, Италияның AC Boilers бу қазандықтары және Түркияның Mimsan су жылыту қазандықтарымен жабдықталған. Бұл жабдықтар энергия өндіру тиімділігін арттырып қана қоймай, экологиялық талаптарға да толық сәйкес келеді.

Қазір станция 176 мегаватт электр энергиясын өндіруде. Алдағы кезеңде 95 мегаватт бу газ турбинасы толық іске қосылса, нысан жобалық қуаты артып, облысты толық

көлемде электр энергиясымен қамтамасыз ететін болады.

— Бүгінде Қызылорда облысының электр энергиясын тұтыну көлемі шамамен 220 мегаваттқа жетті. Демек, жаңа станция іске қосылғаннан кейін өңір өзін-өзі электр энергиясымен қамтамасыз етіп қана қоймай, артық энергияны өзге өңірлерге жеткізу мүмкіндігі артады. Жобаның тағы бір маңызды тұсы — оның экономикалық тиімділігінде деп айтуға болады. Яғни, жаңа жылу электр орталығы газды бұрынғы станциямен салыстырғанда 50 пайызға дейін үнемдейді. Бұл — өндіріс шығындарын азайтып, энергияның өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді, — дейді Тахир Қуанышбекұлы.

Энергетикалық нысанның тағы бір ерекшелігі — станция небәрі 20 минут ішінде 50 мегаваттан 240 мегаватқа дейін жүктемені өзгерте алады. Бұл мүмкіндік еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі энергия жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ерекше маңызға ие. Тағы бір айта кететін жәйт, жаңа станцияның жылу беру мүмкіндігі де айтарлықтай жоғары. Егер ескі орталықта желілік температура 95 градуспен шектелсе, жаңа нысанда бұл көрсеткіш 130 градуска дейін жететін көрінеді. Сонымен бірге техникалық тұрғыдан алғанда, су қыздыру қазандықтарының пайдалы әсер коэффициенті шамамен 30 пайызға жоғары. Бұл да энергия тиімділігін арттыруға үлкен сеп дейді мамандар.

Станцияның автономды режимде жұмыс істейтіні де ерекше назар аударуға тұрарлық. Яғни, магистралды электр желілерінде қандай да бір ақау немесе кернеу тұрақсыздығы болған жағдайда станция өз жұмысын тоқтатпай, энергия өндіруді жалғастыра алады. Мұның өндірістің әлеуметтік нысандардың, өндірістік кәсіпорындардың және тұрғындардың үздіксіз электрмен қамтылуын қамтамасыз етуге ықпалы зор.

— Бүгінде станция толығымен іске қосылды. Нақты уақытта екі газ турбина үздіксіз жұмыс жасап тұр. Соның негізінде тұрақты түрде 176 мегаватт электр энергиясы өндірілуде. Шамамен бір айдың көлемінде қалған жұмыстарды бітіруге мүмкіндік бар. Яғни, жақын күндері қосымша 95 мегаватт генераторды іске қосатын боламыз. Нақты жоспар бойынша мамыр айында станция жұмыстары толықтай аяқталуға тиіс. Қазір бу газ турбинасын іске қосу кезіне жүргізіліп жатыр. Бүгінде нысанда шамамен 400-дей адам жұмыс жасауда. Оның ішінде 30-40 адам түрік мамандарын қамтыса, қалған басым бөлігі жергілікті жұмысшылар, — дейді кәсіпорын директорының көмекшісі Камал Маладатов.

Жалпы, Сыр өңірінде жаңа жылу электр орталығының іске қосылуы электр энергиясының жеткілікті әрі тұрақты болуына, жаңа өндіріс орындарын ашуға, шағын және орта бизнесті дамытуға зор мүмкіндік беріп тұр. Сонымен қатар бұл жоба келешекте өңірден жаңа жұмыс орындарын құрып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң ықпал болады деген үміт зор.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі — халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, инвестиция тарту және елдің өңірлік көшбасшылық рөлін нығайту. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар бүгінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуынан нақты көрініс табууда. Соның айқын дәлелі — Түркістан облысы аумағында жүзеге асып жатқан ірі инвестициялық жобалар.

ӨҢІРЛІК ДАМУДЫҢ НАҚТЫ ДРАЙВЕРІ



А **Назгүл НАЗАРБЕК,**
Түркістан облысы

Осы ретте Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров пен UBC Group компаниясының негізін қалаушы Игорь Бурдленко арасында өткен кездесу Қазақстанның ашық әрі теңгерімді сыртқы экономикалық саясатының нақты көрінісі. Келіссөздер барысында өндірістің инвестициялық жобаларды дамыту, өндірісті кеңейту және экспорттық әлеуетті арттыру мәселелері талқыланды.

Қазақстанның халықаралық деңгейдегі бастамалары мен экономикалық дипломатиясы шетелдік инвесторлар үшін қолайлы орта қалыптастыруға ба-

Жобаны талқылау мақсатында облыс әкімінің орынбасары Канат Қайыпбек шетелдік инвесторлармен кездесу өткізіп, өңдеу өнеркәсібін дамыту және жаңа өндірістерді іске қосу мүмкіндіктерін қарастырды. Кездесу барысында жер телімдерін бөлу, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және жобаны қолдау тетіктері жан-жақты талқыланды.

Жобаның жалпы инвестициялық көлемі шамамен 220 млн АҚШ доллары және екі кезеңде жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде жылына 480 мың тонна жоғары сапалы флот-шыны өндіретін зауыт іске қосылса, екінші кезеңде 350 мың тонна кварц құмын өндіру



ғытталған. Соның нәтижесінде Түркістан өңірінде іске қосылған JASYL SUYUQ QAZAQSTAN зауыты бүгінде өндірістің қуатын кеңейту кезеңіне өтті. Жобаның екінші кезеңі аясында 1,2 млрд теңге инвестиция тартылып, жаңа өндірістің инфрақұрылым қалыптастыру жоспарлануда.

Жаңа өндірістің кешеннің салынуы Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму саясатының өңірлік деңгейде тиімді жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Кәсіпорынның жылдық өндірістік қуаты 50 мың данаға дейін ұлғайып, ішкі нарық сұранысын қамтамасыз етумен қатар, экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде зауыт өнімдері Түркістан мен Қырғызстан нарықтарына экспортталуда. Алдағы уақытта Әзербайжан, Грузия, Армения, Моңғолия, Тәжікстан және Түрікменстан елдеріне шығу жоспарлануда. Бұл — Қазақстанның Орталық Азиядағы экономикалық ықпалын күшейтіп, аймақтың көшбасшылық позициясын нығайтудың нақты қадамы.

Аталған жоба тек экономикалық көрсеткіштермен шектелмейді. Өндірісті кеңейту арқылы жаңа жұмыс орындары ашылып, жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік берілуде. Сонымен қатар қосалқы өндірістерді іске қосу арқылы өңірде толық өндірістік тізбек қалыптасып, қосымша күн көлемі ұлғаяды.

Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы мен ашық саясаты шетелдік серіктестердің сенімін арттырып, жаңа өндірістік жобалардың жүзеге асуына жол ашуда. Осы бағытта Түркістан облысы аумағында тағы бір ірі флот-шыны өндіру жобасын іске асыру жоспарланып отыр.

кешені мен қосымша өндірістік нысандар салу көзделген. Өңір басшылығы бұл бастаманың стратегиялық маңызын ерекше атап өтуде. Канат Қайыпбек атап өткендей, жоба Түркістан облысының ғана емес, бүкіл елдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл бастама импортты алмастыру саясатын жүзеге асыруға және отандық өндірісті дамытуға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, өңірде кварцты құмның мол қоры бар, Қазығұрт және Созақ аудандарында орналасқан кен орындары жобаны жүзеге асыруға жеткілікті шикізат базасын қамтамасыз етеді. Бұған дейін инвесторлар осы кен орындарын зерттеп, зертханалық талдаулар жүргізіп, оң нәтижелерге қол жеткізген.

Жобаны іске асыру — Қазақстанның халықаралық өндірістік тізбектерге интеграциялануының және өңірлік экономикалық ықпалының арта түсуінің нақты дәлелі. Сонымен қатар бұл бастама жаңа жұмыс орындарын ұйымдастырып, технология трансфертіне жол ашады.

Жалпы, мұндай бастамалар — Қазақстанның халықаралық аренадағы белсенді саясатының, инвестициялық тартымдылығының және тиімді сыртқы экономикалық байланыстарының нәтижесі. Мемлекет ұстанған ашықтық, сенімділік және әріптестік қағидаттары өңірлердің тұрақты дамуына серпін беріп, ел экономикасын жаңа деңгейге көтеруде.

Осылайша, Түркістан облысында жүзеге асып жатқан инвестициялық жобалар Қазақстанның сыртқы саясаты мен халықаралық ынтымақтастығының нақты жемісі әрі өңірлік дамудың маңызды драйверіне айналып отыр.

ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШҚАН БАСТАМАЛАР

Қазақстанда кейінгі жылдары жүзеге асып жатқан саяси және әлеуметтік реформалардың түпкі мақсаты — Әділетті Қазақстан құру. Бұл бастама мемлекеттік басқаруды жаңғырту, заң үстемдігін нығайту, азаматтардың үніне құлақ асатын ашық жүйе қалыптастыру, жастарға мүмкіндік беру және қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін арттыруға бағытталған. Бүгінде бұл өзгерістер елорда деңгейінде ғана емес, өңірлерде де нақты мазмұнға ие бола бастады.

Соның бір көрінісі ретінде Батыс Қазақстан облысында жастармен, мемлекеттік қызметшілермен және қоғам белсенділерімен өткен кездесулерде жаңа реформалардың басым бағыттары кеңінен талқыланды. Жиында мемлекеттік қызметке жастарды тарту, кадрлық резерв жүйесін жетілдіру, азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуы және «Адал азамат» құндылықтарын орнықтыру мәселелері көтерілді.

Қазіргі Қазақстанда жастарды мемлекеттік басқару ісіне тарту маңызды басымдықтардың біріне айналды. Себебі жаңа буынның энергиясы, білімі мен цифрлық сауаты ел дамуына тың серпін бере алады. Осыған байланысты өңірлерде жастар кадр резервтері құрылып, мемлекеттік қызметке кіру тетіктері жеңілдетіліп жатыр.

Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев жастар қоғамның қозғаушы күші екенін атап өтті.

— Жастар күш кезеңде де қоғамды алға сүйрейтін күш болған. Сондықтан олардың бастамаларын қолдау, қабілетін ашу, мемлекеттік басқаруға тарту — біздің негізгі міндеттеріміздің бірі. Жас мамандардың ел дамуына қосар үлесі зор, — деді облыс әкімі.

Өңір басшысының айтуынша, 2024 жылы аймақта жас әрі білікті мамандарды іріктеу жұмыстары жүргізіліп, жүздеген үміткер арасынан 30 жас маман өңірлік кадр резервіне қабылданған. Қазір олардың басым бөлігі түрлі мемлекеттік органдарға еңбек етіп жүр.

Президент бастамасымен енгізілген «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы



мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларының біріне айналды. Оның мәні — азаматтар мен билік арасындағы кері байланысты күшейту, халықтың сұранысына жедел жауап беру, шешім қабылдау кезінде қоғам пікірін ескеру.

Осы міндеттерді түсіндіру және іске асыру аясында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барып, жастармен, студенттермен және өңір активімен кездесті. Кездесулерде мемлекеттік қызметтің жаңа моделі, жастарға беріліп жатқан мүмкіндіктер, елдегі реформалардың мазмұны жан-жақты талқыланды. Ол мемлекеттік аппарат қоғам үшін ашық әрі қолжетімді болуға тиіс екенін айтты.

— Бүгінгі мемлекеттік қызмет — халықтан алшақ кабинет жүйесі емес. Бұл азаматтардың мәселесін тыңдайтын, әділ шешім қабылдайтын, қоғам сеніміне жұмыс істейтін заманауи институт болуы керек, — деді Дархан Жазықбай.

Бүгінде азаматтар қоғамдық кеңестер, онлайн-петициялар, ашық талқылаулар, сайлау жүйесі арқылы елдегі маңызды шешімдерге ықпал ете алады. Бұл — саяси жаңғырудың маңызды нәтижелерінің бірі.

Жиында ерекше назар аударылған бағыттардың бірі — «Адал азамат» тұжырымдамасы. Бұл бастама жауапты, еңбеккер, заңға құрмет-

пен қарайтын, қоғам алдындағы міндетін сезінетін тұлға қалыптастыруды көздейді.

Кез келген реформаның табысты болуы тек заңдарға емес, азаматтардың ішкі мәдениеті мен жауапкершілігіне де байланысты. Егер қоғамда адал еңбек пен әділдік құндылығы орнықса, мемлекеттің де сапасы артады.

Кездесуде жастарға сапалы білім алу, кәсіби даму, елге қызмет ету секілді бағыттарда түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

— Мемлекетке қызмет ету үшін тек диплом жеткіліксіз. Ел алдымен адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық және елге деген жанашырлық қажет. «Адал азамат» қағидаты осы құндылықтарды біріктіреді, — деді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы.

Батыс Қазақстан облысында жастарды қолдау бағытында тұрғын үй мәселесіне де басымдық беріліп келеді. Соның бірі — «Жайық жастары» бағдарламасы. Жоба аясында ондаған жас маман баспаналы болған.

— Жастарды өңірде ұстап қалу үшін тек жұмыс орны жеткіліксіз. Оларға баспана, даму мүмкіндігі, сенім мен қолдау қажет. Сондықтан біз жастарға арналған бағдарламаларды жалғастыра береміз, — деді Нариман Төреғалиев.

Бұл бастама әсіресе өңірлерде жас кадрларды тартуда маңызды рөл атқарып отыр.

Әмина МҰХАНБЕТ

28 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны жыл сайын артып келеді. Ресми деректер бойынша, ел көлемінде мұндай балалар саны 162 мыңнан асады. Бұл ерекше балаларға білім берумен бірге әр баланың әлеуетін толық ашуға бағытталған жүйелі қолдаудың ауадай қажет екенін көрсетеді.

Осы тұрғыда Атырауда басталған «Өнер Lab» жобасы арт-терапия көмегімен ерекше балаларды дамытудың тиімді үлгісі болып отыр. Атырау облыстық балаларды оңалту орталығы базасында жүзеге асқан бастама қысқа уақыт ішінде нақты нәтижелер көрсетіп, ата-аналар мен мамандардың жоғары бағасына ие болып отыр.

Райгүл Елеубаева үш жасар ерекше қызының алғаш рет суретшілер байқауына қатысып, үздіктер қатарына енгеніне ерекше қуанды. «Қызым үшін бұл — үлкен жетістік. Біз алғаш рет бірге сахнаға шықтық. Бұл жоба қызымның мүмкіндіктерін көрсетуіне жол ашты», — дейді ол.

Жоба аясында бір ай ішінде 25 бала қамтылған. Бір ай бойына балалармен кәсіби суретші Әсем Жексенбекқызы мен психолог Дана Бекмұратқызы жұмыс істеген. Нәтижесінде, балалардың шығармашылық жұмыстары көрермендерді таңғалдырды.



Арт-терапия: ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ЖОБАСЫ

мұндай тәсілдер баланың миындағы нейрондық байланыстарын күшейтіп, когнитивті даму процесін жылдамдатады. Кей зерттеулерде шығармашылықпен тұрақты айналысатын балалардың зейіні мен есте сақтау қабілеті 20–25%-ға жоғары болатыны көрсетілген.

Жобаға қатысқан балаларда айтарлықтай өзгерістер байқалып отыр. Яғни,

ұйымдастыру бағытында жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Алда арт-терапияға қоса, сәндік-колданбалы өнер, цифрлық өнер, сондай-ақ көрме және шеберлік сабақтары форматтарын енгізуді жоспарлап отырмыз», — дейді жобаның негізін қалаушы Калима Ізімова.

Ата-аналардың пікірінше, мұндай жобалар баланың дамуына ғана емес, оның қоғамдағы орнын табуына ықпал етеді. Өйткені ерекше балалардың әлеуетін ашу — тек медициналық немесе педагогикалық мәселе емес, бұл — әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндіктер мәселесі.

ЮНЕСКО мәліметінше, мүмкіндігі шектеулі балалар басқа балаларға карағанда 2,5 есе жиі мектепке бармай қалады. Дүниежүзі бойынша шамамен 240 млн балада түрлі мүгедектік бар. Бұл деректер инклюзивті білімнің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Себебі ерекше балалар үшін білімнің қолжетімді болуы олардың болашағына тікелей әсер етеді.

UNICEF зерттеулеріне сәйкес, ерекше балалардың арасында мектепке мүлде бармау ықтималдығы 49%-ға жоғары. Олар әдетте оқуда, әлеуметтік ортада және эмоционалдық жағдайда жиі қиындықтарға тап болады. Яғни, білім беру мен қолдау болмаған жағдайда олардың әлеуеті толық ашылмай қалады.

Жалпы, ғалымдар да ерекше балаларды ерте жастан дамыту аса маңызды екенін айтады. ЮНЕСКО деректеріне сәйкес, инклюзивті білім беру жүйесі енгізілген елдерде ерекше балалардың әлеуметтік бейімделу деңгейі 30–40%-ға дейін артады. Ал UNICEF жүргізген зерттеулер арт-терапияның балалардың эмоциялық жағдайын жақсартып, күйзеліс деңгейін төмендететінін дәлелдеген.

Өнер — ерекше балалар үшін ең тиімді коммуникация құралының бірі. Мысалы, аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың көпшілігі вербалды қарым-қатынаста қиындық көргенімен, визуалды өнер арқылы ойын әлдеқайда еркін жеткізе алады. Бұл құбылыс арт-терапия аясында кеңінен зерттелген.

Сарапшылардың болжамына, алдағы 10–15 жылда инклюзивті білім беру мен арт-терапия бағыттары әлемде ең қарқынды дамитын салалардың бірі болады. Себебі қоғамда әр адамның қабілетін бағалау мен дамытуға деген көзқарас өзгеріп келеді», — дейді арт-терапевт дәрігер Калима Ізімова.

Қалай десек те, ерекше балаларды дамыту — бұл тек бір топтың мәселесі емес, бүкіл қоғамның болашағына әсер ететін маңызды бағыт. «Өнер Lab» сияқты жобалар — сол болашаққа бастар нақты қадамның бірі.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы



UNICEF зерттеулеріне сәйкес, ерекше балалардың арасында мектепке мүлде бармау ықтималдығы 49%-ға жоғары.

балалардың өзіне деген сенімділігі артып, эмоцияларын білдіруі жақсарды. Кей балаларда қарым-қатынас дағдылары қалыптаса бастады. Тіпті, бастапқыда тұйық болған балалардың уақыт өте ашылып, терен мазмұнды жұмыстар істеуі — біз үшін үлкен жетістік болып отыр», — дейді жобаның негізін қалаушы, арт-терапевт дәрігер К.Ізімова.

Жоба авторы Калима Ізімова алға қарай бұл тәжірибені кеңейтуді жоспарлап отырғанын айтты. «Яғни, көршілес Ақтау, Ақтөбе, Орал сияқты қалаларға шығып, өзіміздің оң тәжірибемізді тарату ойымызда бар. Ал қазіргі уақытта балалардың жұмыстарын халықаралық деңгейге шығару үшін байқауларға қатысу, онлайн платформаларда жариялау, көрмелер

Жобаның негізін қалаушы, арт-терапевт дәрігер Калима Ізімованың айтуынша, бастама ерекше балалардың шығармашылық әлеуетін ашуға деген қажеттіліктен туған. Шынында да, халықаралық зерттеулер көрсеткендей, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шамамен 60–70%-ында белгілі бір шығармашылық немесе бейнелік ойлау қабілеті жоғары дамыған болады. Алайда дұрыс бағыт пен қолдау болмаған жағдайда бұл қабілет толық ашылмай қалады. Сол үшін де «Өнер Lab» жобасы сурет салуды негізгі бағыт ретінде таңдаған. Өйткені бейнелеу өнері — ең қолжетімді әрі әмбебап тіл. Балалар сөзбен айта алмаған сезімін бояу арқылы жеткізе алады.

«Өнер Lab» жобасында негізінен еркін сурет салу, түстер арқылы эмоцияны жеткізу, коллаж жасау, саусақпен сурет салу әдістері қолданылып отыр. Бұл әдістер — баланың ішкі әлемін ашуға бағытталған. Психологтардың айтуынша,

БІР МАҚСАТ — БІР МҮДДЕ

Таяуда «Астана Тазалық» ЖШС елордадағы Кәсіптік-техникалық колледжі мен Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығымен бірлесіп көшет отырғызу экологиялық акциясын ұйымдастырды. Бір сәтте дәрігерлер, ұстаздар мен коммуналдық қызметкерлер 100-ге жуық көшет отырғызды. Бұл игі іс-шара «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында өтіп отыр. Қаланың тазалығына жауапты мекеме бүгінге дейін бірнеше рет экологиялық акциялар өткізіп, 1000-ға жуық тал-терек отырғызып үлгерген.



— Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» экологиялық жобасын қолға алғанын білесіздер. Біз де осы жобаға үн қосып, әріптестерімізбен осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Мекемеміздің де аты — «Тазалық». Өзгерлерге де үлгі болайық деп, елордалық мекемелермен меморандумға отырып, бірлесе әрекет етіп жатырмыз. Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы мен қалалық кәсіптік-техникалық колледж ұжымы да жобамызды қолдады, — дейді кәсіпорынның бас директоры Альберт Есалиев.

Акция аясында елорданың үш бірдей мекемесі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Бұл кезек экологиялық мәдениетті дамыту, әлеуметтік жауапкершілікті арттыру жолының бір шарты іспеттес.

— Үш орталықтың басшыларынан бастап, барша қызметкері — дәрігерлер, ұстаздар мен студенттер де акцияға қатысып жатыр. Не себепті үш ұйымның басын қосып отырмыз? Медицина саласы — адам денсаулығының кепілі. Кәсіптік-техникалық колледжі бізге маман дайындап шығарып отыр, бұрыннан байланысымыз берік орныққан, — дейді А.Есалиев.

Осы орайда «Астана Тазалық» мамандары Ұлттық медицинаны үйлестіру орталығының жаңа, жас мекеме екенін ескере, орталық ауласына көшет отырғызуды жөн көрген. Коммуналдық саланың қызметкерлері мұндай бастамаларды үнемі қолдап келеді. Мәселен, былтыр сала мамандары қаланың көрікті орнының бірі — Abu Dabi Plaza кешенінің жанындағы саябаққа «Хабар» арнасының қызметкерлерімен бірге көшет отырғызған, сонымен қатар тұрақты түрде сенбіліктер өткізіп келеді. Бұдан бөлек, қаланың алты ауданында да жобалар ұйымдастыруды жолға қойған. Бүгінде қаланың тазалығы мен тәртібін реттеуде кәсіпорынның 2000-нан аса маманы қызмет етіп келеді. Ал Кәсіптік-техникалық колледжінің студенттері жыл сайын «Астана Тазалық» мекемесінен өндірістік-кәсіптік тәжірибеден өтіп, білікті мамандардан ілім алып жүр. Мекеме басшысының айтуынша, әр жылы колледждің 10-15 шақты студенті жұмысқа алынады екен.

— Еккен теректің санына емес, сапасына қараймыз. Меморандумның маңызы да осында. Ағаштарды отырғызып кетеміз де, күнделікті келіп, күтімін қарай алмай-тынымыз анық. Сол себепті достық пен ынтымақтастықты құптаған ұйымдардың ұжымы теректің күтіміне жауапты болады. Мұның артында бір күндік іс-шара тұрған жоқ, жобаны ары қарай жалғастыра береміз. Көшет отырғызғаннан кейін көктем және күз мезгілінде өспей қалған жерлерді тексеріп, теректерді қайта толықтырып отырамыз. Санға емес, сапаға мән береміз.

Бұл іс-шара қала жастарының экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін керек-ақ. Әсіресе, Кәсіптік-техникалық колледж студенттері экологиялық акцияларға жиі қатысу арқылы өсімдіктердің күтіміне қызығып, тәжірибе жинай бастаған.

— Үшінші рет акцияға қатысып отырмын. Алғашында топыраққа су құю керектігін білмеппін. Жерді қазып, көшетті отырғызып балам да, бетін қайта топырақпен көміп тастаймын деп ойлаппын. Сөйтсем, алдымен көшет отырғызуға арналған арнайы қарашірік топырақ салып, үстіне су құйып, кейін көшетті отырғызып, бетін қарапайым топырақпен қарашірікті араластырып қайта жауып, тағы су құяды екен. Ағаш отырғызу үшін жердің жұмсақтығы мен сапасына қарап, 35-50 см шамасында жер қазу қажет. Жастардың акцияларға жиі қатысқанын қалаймын, табиғатқа жанашырлықпен қарауды осылай насихаттай беру қажет, — дейді колледж студенті Бақытжан Қайболдиев.

Жастардың әңгімесін тындап отырып, акцияның мәнін тереңінен түсіндік. Ал тазалыққа жауапты мекеме «Таза Қазақстан» акциясын әлі де кең ауқымда жалғастыруды мақсат етеді.

Айсұлу СЪЕЗХАН

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтай Байыржанқызы —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4733

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,